3 Bojko M.D. Tehnicheskoe obsluzhivanie i remont zdanij i sooruzhenij [Maintenance and repair of buildings and structures]. – M.: Strojizdat, 1993. – 207 s.

4 Gorchakov G.N., Bazhenov Ju.M. Stroitel'nye materialy. Ucheb. dlja vuzov. (red. Stroitel'nye materialy i kontrukcii) [Construction Materials. Textbook. for universities. (ed., Building materials and constructions)]. – M.: Stroizdat, 2005.– 688 s.

5 GOST 25535-2013. Steklo i izdelija iz nego. Metody opredelenija termostojkosti [Glass and articles thereof. Methods for determination of heat resistance]. – M.: Standartinform, 2016. – 8 s.

6 GOST 26302 – 93. Steklo. Metody opredelenija kojefficientov napravlennogo propuskanija i otrazhenija sveta [Glass. Methods for determining the coefficients of directional transmission and reflection of light]. – M.: Izdatel'stvo standartov, 1994. – 6 s.

7 GOST 30733 – 2000. Steklo s nizkojemissionnym tverdym pokrytiem [Glass with low-emissive hard coating]. – M.: GUP CPP, 2001. – 11 s.

8 Devjataeva G.V. Tehnologija rekonstrukcii i modernizacii zdanij [Technology of reconstruction and modernization of buildings]. – M.: INFRA-M, 2005. – 480 s.

9 Diomidov M.B., Nizovcev M.I., Terehov B.B., Terehov V.I. (2002) Issledovanie teploobmena ventiliruemogo okna [Investigation of the heat transfer of a ventilated window]. Promyshlennaja teplotehnika, no. 2-3, pp. 40-44.

10 Kazakevich A.V. (2008) Korrozionnaja stojkost' i sovmestimost' materialov nesushhih konstrukcij navesnyh fasadov [Corrosion resistance and compatibility of materials of load-bearing structures of hinged facades]. Krovlja, fasady, izoljacija, no. 3, pp. 101-104.

11 Savin V.K. Jenergoperenos. Jenergojeffektivnost'. Jenergosberezhenie [Energy transfer. Energy efficiency. Energy saving.]. – M.: Lazur', 2005.-425 P.

12 SP 23-101-2004. Svod pravil po proektirovaniju i stroitel'stvu. Proektirovanie teplovoj zashhity zdanij [Code of rules for design and construction. Designing of thermal protection of buildings]. – M: FGUP CPP, 2004. – 174 P.

13 Fedorov V.V. Rekonstrukcija i restavracija zdanij [Reconstruction and restoration of buildings]. – M.: INFRA-M, 2003. – 208 P.

14 Fokin V. M., Kovylin A.V., Chernyshov V. N. Jenergojeffektivnye metody opredelenija teplofizicheskih svojstv stroitel'nyh materialov [Energy-efficient methods for determining the thermophysical properties of building materials]. – M.: Spektr, 2011. – 155 P.

15 Shishkin I.V. Istorija listovogo stekla [History of flat glass]. – M.: Knizhnyj dom «LIBROKOM», 2014. – 101 P.

16 Abdelaziz E.A., Saidur R., Mekhilef S. (2011) A Review on Energy Saving Strategies in Industrial sector. Renewable and Sustainable Energy Reviews, vol. 15, pp. 150–168.

17 Atalla T., Bean P. (2017) Determinants of energy productivity in 39 countries: An empirical investigation. Energy Economics, vol. 62, pp. 217-229.

18 Bellia L., Bisegna F., Spada G. (2011) Lighting in indoor environments: visual and non-visual effects of light sources with different spectral power distributions. Build. Environ., vol. 46, pp. 1984-1992.

19 Bondu A., Dachraoui A. (2015) Realistic and very fast simulation of individual electricity consumptions. Int. Jt. Conf. Neural Networks. IEEE , pp. 1-8.

20 Fisher-Vanden K., Jefferson G.H. , Jingkui M. , Jianyi X. (2006) Technology development and energy productivity in China. Energy Economics, vol. 28 (5), pp. 690-705.

21 Fontoynont M., Ramananarivo K., Soreze T., Fernez G., Skov K.G. (2016) Economic feasibility of maximising daylighting of a standard office building with efficient electric lighting. Energy and Buildings, vol. 110, pp. 435-442.

22 Ihm P., Nemri A., Krarti M. (2009) Estimation of lighting energy savings from daylighting. Build. Environ., vol. 44, pp. 509-514.

23 Galasiu A.D., Newsham G.R., Suvagau C., Sander D.M. (2007) Energy saving lighting control systems for open-plan offices: a field study. Eng. Soc., vol. 4, pp. 7-29.

24 Lim G.,Barry M., Keumala N., Ghafar N. (2017) Daylight performance and users' visual appraisal for green building offices in Malaysia. Energy and Buildings, vol. 141, pp. 175-185.

25 Linhart F., Scartezzini J.L. (2010) Evening office lighting – visual comfort vs. energy efficiency vs. performance. Build. Environ., vol. 46, pp. 981-989.

26 Mendiola J., Grünewald P., Eyre N. (2017) The diversity of residential electricity demand – A comparative analysis of metered and simulated data. Energy and Buildings, vol. 151, pp. 121-131.

27 Prasad Bhukya, Dr. Debasish Basak (2014) Energy Saving Technologies in Industries – An overview. International Journal of Scientific and Research Publications, vol. 4, pp. 2888-2894.

28 Sun J.W., Ang B.W. (2000) Some properties of an exact energy decomposition model. Energy, vol.25 (12), pp. 1177-1188.

29 Tewari S.K. (2014) Energy conservation initiatives adopted in mines & plant. The Indian Mining & Engineering Journal, vol.53, pp. 16-17.

30 Wheeler D. (2012) Energy+ Country Performance Ratings 2001-2010. Center for Global Development Working Paper. 301 P.

ҒТАМР 87.15

Шакиров Т.[1], Ниязбекова А.[2], Назарова Д.[3], Зайдолла Н.[4]

[1]аға оқытушы, e-mail: shakirov_1985@mail.ru, тел.: +7 701 849 53 97
[2]химия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: abnyazbekova@mail.ru, тел.: +7 778 330 88 16
[3]аға оқытушы, e-mail: nazarova.ria@mail.ru, тел.: +7 747 377 42 19
Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті,
«Химия және химиялық технология» кафедрасы
[4]экология ғылымдарының магистрі, Орал қаласындағы «КазАэроНавигация» филиалының инженері,
Қазақстан, Орал қ., e-mail: nurbolat1313@gmail.com, тел.: +7 747 640 94 58

ӨНДІРІСТІК АЙМАҚТАРДЫҢ РАДИАЦИЯЛЫҚ ФОНЫН ЗЕРТТЕУ

Радиоактивті заттарды кеңінен қолдану топырақтың радионуклидтермен ластану қаупі төнді. Радиация көздері – ядролық қондырғылар, ядролық қаруларды сынау, уран шахтыларының қалдықтары. Радиоактивті ластанудың потенциалды көздері ядролық қондырғылардағы апаттар болып табылады. Топырақтың жоғарғы қабатында радиоактивті стронций және цезий концентрленіп, адам және жануарлар ағзасына түседі.

Қоршаған ортада радионуклидтердің көп мөлшерде жинақталуы қайғылы жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін. Радионуклидтердің басым бөлігі топырақта орналасқан, жоғарғы қабатында да және төменгі қабатында да, осыған байланысты олардың көшуі көп жағдайда топырақтың түрлеріне, оның гранулометрикалық құрамына, су-физикалық және агрохимиялық қасиеттеріне байланысты болады. Көлденеңінен көшу топырақтың жел эрозиясы, атмосфералық жауын-шашынның шаюы нәтижесінде болады. Көшу жылдамдығы гидрометеорологиялық әсерлерге (желдің жылдамдығы және атмосфералық жауын-шашынның қарқындылығы), жергілікті жердің рельефіне, топырақтың және өсімдіктердің түрлеріне және нуклидтердің физико-химиялық қасиеттеріне байланысты болады.

Сондықтан қоршаған ортаға уақытылы радиационды мониторинг жүргізген жөн.

Мақалада Орал қаласындағы өндірістік кәсіпорындардың радиациялық фонын зерттеуі және цезий-137 изотобының меншікті активтілігін анықтауы қарастырылды. Зерттеулер жыл мезгілдері бойынша жүргізілді. Кәсіпорындар маңындағы ауа, су, топырақ, өсімдіктер құрамындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігінің өзгеріс заңдылықтарын ұсынамыз.

Түйін сөздер: радиациялық фон, цезий-137 изотобы, меншікті активтілік.

Shakirov T.[1], Nijazbekova A.[2], Nazarova D.[3], Zajdolla N.[4]

[1]senior lecturer, e-mail: shakirov_1985@mail.ru, tel.: +7 701 849 53 97
[2]candidate of chemical sciences, associate professor, e-mail: abnyazbekova@mail.ru, tel.: +7 778 330 88 16
[3]senior lecturer, e-mail: nazarova.ria@mail.ru, tel.: +7 747 377 42 19
Department «Chemistry and Chemical Technology»,
West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir Khan, Kazakhstan, Uralsk
[4]Master of Environmental Sciences, Engineer of the Urals branch of «KazAeroNavigation»,
Kazakhstan, Uralsk, e-mail: nurbolat1313@gmail.com, тел.: +7 747 640 94 58

Research of radiation background of industrial objects

Because of the wide use of radioactive substances there is a threat of soil contamination with radionuclides. Sources of radiation – nuclear facilities, nuclear weapons testing, uranium mine waste. Potential sources of radioactive contamination are accidents at nuclear installations. In the upper soil layer and concentrate radioactive cesium and strontium, which enter the body of humans and animals.

The accumulation of radionuclides in the environment in large quantities can lead to tragic situations. A large part of the radionuclides are in the soil, in its upper and lower layers, so their movements largely depends on the types of soils, their granulometric composition and water-physical and

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

agrochemical properties. The transfer speed depends on hydro-meteorological effects (wind speed and intensity of precipitation), topography, terrain, type of soil and plants and physico-chemical properties of the nuclides.

Therefore it is necessary to carry out radiation monitoring of the environment.

The article presents the results of a study of background radiation and the specific activity of the isotope cesium-137 near the industrial enterprises of Uralsk. The studies were conducted for each season of the year. The proposed pattern of change of the specific activity of the isotope cesium-137 in air, water, soil, plants nearby businesses.

Key words: radiation background, cesium-137 isotope, specific activity.

Шакиров Т.[1], Ниязбекова А.[2], Назарова Д.[3], Зайдолла Н.[4]

[1]старший преподаватель, e-mail: shakirov_1985@mail.ru, тел.: +7 701 849 53 97
[2]кандидат химических наук, доцент, e-mail: abnyazbekova@mail.ru, тел.: +7 778 330 88 16
[3]тарший преподаватель, e-mail: nazarova.ria@mail.ru, тел.: +7 747 377 42
Кафедра «Химия и химическая технология»,
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана,
Казахстан, г. Уральск
[4]магистр экологических наук, инженер Уральского филиала «КазАэроНавигация»,
Казахстан, г. Уральск, e-mail: nurbolat1313@gmail.com, тел.: +7 747 640 94 58

Исследования радиационного фона промышленных объектов

Из-за широкого использования радиоактивных веществ возникла угроза загрязнения почв радионуклидами. Источниками радиации являются ядерные установки, испытание ядерного оружия, отходы урановых шахт. Потенциальными источниками радиоактивного загрязнения являются аварии на ядерных установках. В верхнем слое почвы концентрируются радиоактивные цезий и стронций, которые поступают в организм человека и животных.

Накопление радионуклидов в окружающей среде в больших количествах может привести к трагической ситуации. Большая часть радионуклидов находится в почве, в ее верхних и нижних слоях, поэтому их перемещение в значительной степени зависит от типов почв, их гранулометрического состава и их водно-физических и агрохимических свойств. Скорость перехода зависит от гидрометеорологических воздействий (скорость ветра и интенсивность атмосферных осадков), от рельефа местности, вида почв и растений и физико-химических свойств нуклидов.

Поэтому следует своевременно проводить радиационный мониторинг окружающей среды.

В статье приведены результаты исследования радиационного фона и удельной активности изотопа цезия-137 возле промышленных предприятий города Уральска. Исследования проводились посезонно. Предлагаем закономерности изменений удельной активности изотопа цезия-137 в составе воздуха, воды, почвы, растений на территории возле предприятий.

Ключевые слова: радиационный фон, изотоп цезий-137, удельная активность.

Қазіргі тарихи дәуірде өркендеудің дамуында радиация үлкен рөл атқарады. Бірақ радиоактивті элементтердің қасиеттерінің жағымсыз жақтары айқын көрінді: радиациялық сәулеленудің тірі организмге қауіпті әсер қалдыратыны белгілі болды.

Радиоактивті сәулелену тірі ағзалардың молекуласы мен атомдарын иондап, қалыпты байланыстарды үзіп немесе химиялық құрылысын өзгертіп, жасушалардың өлуіне немесе организмнің мутацияға ұшырауына әкеледі. Иондаушы сәулелердің қуатты мөлшері тірі табиғатты жояды (Дэвидсон 1960: 98).

Радиацияның ағзаға әсері әртүрлі болуы мүмкін, дегенмен ол әрдайым кері әсер етеді. Аз мөлшердегі радиациялық сәулелену ракқа немесе генетикалық ауытқушылықтарға әкелетін үрдістердің катализаторы, ал көп мөлшердегі радиациялық сәулелену тірі ағзаны толықтай немесе сатылап бұзып, жояды.

Радиацияның генетикалық салдары хромосомдық аберрация және гендік мутация түрінде байқалады. Гендік мутация бірден бірінші ұрпақта (доминантты мутация) немесе ата-анасының екеуінде де бірдей ген мутантты (рецессивті мутация) болса көрінеді (Yoshida 2012: 201; Akata 2007: 7; Zalewska 2006: 10).

Әлемнің мұхит сулары жоғары биоаккумуляторлық қабілеті тамақ арқылы өтіп, жоғары трофикалық деңгейдегі теңіз ағзаларында концентрленіп, гидробионттар мен адамдарға қауіп тудыратын өте қауіпті радионуклидтермен ластанады.

Ауылшаруашылығында радиоактивті заттарды кеңінен қолдану топырақтың радионуклидтермен ластану қаупі төнді. Радиация

көздері – ядролық қондырғылар, ядролық қаруларды сынау, уран шахтыларының қалдықтары. Радиоактивті ластанудың потенциалды көздері ядролық қондырғылардағы апаттар болып табылады. Топырақтың жоғарғы қабатында радиоактивті стронций және цезий концентрленіп, адам және жануарлар ағзасына түседі (Оспанова 2009: 74; Асқарова 2000: 115; Журавлев 1990: 154).

Қоршаған ортада радионуклидтердің көп мөлшерде жинақталуы қайғылы жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін. Радиоактивті заттар ондаған және жүздеген жылдарда тірі ағзаларды қалпына келтірмейтіндей жойып жіберу күші көп жартылай ыдырау периодына ие. Сондықтан қоршаған ортаға уақытылы радиациялық мониторинг жүргізген жөн.

Радиация мөлшері тіршілікке екі бағытта әсер еткен: тіршіліктің пайда болуына әсері; тірі жануарлардың Жер бетінен жойылып кетуіне себеп болғаны (Төлеубаев 2008: 58).

Цезий-137, сондай-ақ, радиоцезий ретінде белгілі – радиоактивті цезий нуклидті химиялық элемент, оның атомдық нөмірі 55. Ядролық реакторлар және ядролық қаруды бөлуде қолданылады. Цезийді 1860 ж. неміс ғалымдары Г. Кирхгоф және Р.Бунзен спектроскопиялық жолмен ашты. Қазіргі уақытта цезийдің бірнеше изотоптары бар. Ең үлкен практикалық маңыздылығы цезий-137 (Жаханов 2011: 88; Сагимбаев 1997: 79; Ярмоленко 2004: 76; Романцев 1968: 128).

Цезий сирек элементтер қатарына жатады. Ол көптеген тау жыныстарында шашыраңқы күйде кездеседі; бұл металл өте аз мөлшерде теңіз суларынанда табылған. Жоғары концентрациясыда ол кейбір калийлі және литийлі минералдарда, негізінен алғанда лепидолиттерде кездеседі (Молахметов 2002: 88; Батырбаев 2003). Рубидий мен көптеген басқа сирек кездесетін элементтерге қарағанда, цезий өзіндік минералдары-поллуцит, авогадрит және родициттерді түзеді.

Рязань облысында жайылым жерлердің ластануы жоғары болмаса да, бұл аймақта агротехникалық іс-шараларды жүргізу қажет. Өйткені радионуклидтердің ауыл шаруашылығына айтарлықтай әсер етеді (Шаров 2002: 69).

Суды көп қажет ететін өсімдіктер суды аз қажет ететін өсімдіктерге қарағанда, цезий-137 өз бойына көбірек сіңіреді. Радионуклиттердің шөптектес өсімдіктерде жиналуы оның құрамына байланысты. Дәнді дақылдар өсетін жерде радионуклиттің мөлшері шөп тектес өсімдіктер өсетін жерлерге қарағанда 3-4 есе жоғары (Василенко 1986: 34; Фатеева 1969: 17; Линделл 1961: 126; Новожилов 1990: 65).

Құрамында калий мөлшері аз өсімдіктер өз бойына цезийді аз жинайды. Топырақтарға қарағанда өсімдіктер өз бойына радионуклиттерді аз жинайды, бірақ соған қарамастан кейбір өсімдіктер азық-түлік ретінде пайдалануға жарамсыз.

Цезий 137-нің өсімдіктерге жиналуы топырақтың типіне байланысты. Радионуклиттердің астыққа жиналуы тек топыраққа ғана емес, өсімдіктің биологиялық ерекшелігіне де байланысты (Жатқанбаев 2003: 103; Матюхин 1990: 10; Бударников 1992: 204; Булдакова 2004: 258).

Радионуклиттердің мөлшеріне тыңайтқыштарда үлес қосады. N 90, P 90 тыңайтқыштары цезий 137-ні 3-4 есе арттырады. Ал егер дәл осы мөлшерде калий тыңайтқыштарын қолданатын болсақ цезий 137-ң мөлшерін 2-3 есе төмендетеді.

Цезий 137 топыраққа енгеннен 5 жылдан кейін олардың әсері 3-4 есе төмендейді.

Сондықтан радионуклиттердің миграциясы көбіне топырақтың типіне, механикалық құрамына, сулы-физикалық және де агрохимиялық қасиеттеріне байланысты. Радиоизотоптардың сорбциясына көптеген факторлар әсер етеді, олардың ең негізгілері топырақтың механикалық және минерологиялық құрамы. Одан басқа радионуклиттердің миграциясына метереология да әсер етеді, яғни жауын-шашын мөлшері (Хемфри 1958: 122; Papachristodoulos 2003: 202).

Облыс аумағындағы ғасырлар бойы үстем болған табиғи құбылыстардың әсерінен тым континенттік климат басым қалыптасқан және бұл сипат солтүстік-батыстан оңтүстік–шығысқа қарай күшейе түседі. Континенттік климат нәтижесінде күн мен түн, қыс пен жаздағы ауа райының шұғыл қарама–қарсылығы байқалып, қыс маусымы жазға тез ауысады. Бүкіл облыс жері үшін атмосфералық жауыш–шашынның тұрақты болмауы мен тапшылығы, қар жамылғысының жұқалығы мен ашық далада ұлпа қардың жел екпінімен ұйытқып ұшып кетуі, ауа мен топырақтың тым құрғақтылығы, бүкіл вегетациялық (өніп-өсу) кезеңінің өн бойында жер бетіне тікелей күн жарығының өте көп түсуі және топырақтың қарқынды буланууы тән. Қысы суық, көбіне бұлтты, бұлыңғыр, бірақ қысқа, ал жаз ыстық және әжептәуір ұзақ болады.

Бүкіл облыс аумағы үшін ауаның орташа жылдық температурасы 5,9 ^{0}C жылы келеді. Қыс маусымы, әдетте, тәуліктік температураның 0

^{0}С-тан төмендеуінен басталады; бұл құбылыс облыстың солтүстігінде қазан айының соңғы күндерінде, оңтүстігінде 5 – 10 қарашада болады. Тұрақты қар жамылғысы солтүстік аудандарда желтоқсанның алғашқы он күндігінде, ал оңтүстүстік аудандарда желтоқсанның екінші он күндігінің ақырында түзіледі. Қыс ерте түскен жылдары облыстың солтүстігінде тұрақты қар жамылғысы қарашаның алғашқы күндерінде, ал кеш түскен жылдары қаңтарда түзіледі. Оның қалыңдығы облыстың алғашқы жартысында 25 – 30 см-ге және оңтүстік бөлігінде 10 – 20 см-ге жетеді. Қар суының орташа жылдық қоры облыстың солтүстігінде 90 мм-ге, оңтүстігінде 30 – 55 мм-ге дейін жиналады; қар жұқа болған жылдары орташа көп жылдық қор мөлшері 1,5 – 2 есеге дейін азаяды. Ең суық ай – қаңтар, бұл айда температура облыс солтүстігінде -14 -11 ^{0}С аяз болады, орташа температура -12,9 ^{0}С. Қысқы кезеңде облыс аспанына арктикалық ағын енген кезде ауаның суықтығы оқта–текте -30 -35 ^{0}С-қа дейін төмендейді, өте сық күндерде абсолюттік ең төмен температура – 40 -44 ^{0}С-қа дейін барады. Кейде қаңтар мен ақпанда 1 – 3 күнге созылатын жылымық болуы мүмкін. Қысы айларында желдің қарқыны 4,5 – 5 м/сек-қа жетеді. Әсіресе ақпан мен наурызда күшті жел соғып, қарлы боран мен бұрқасын ұйтқиды. Көп жылдық қарлы боран күндерінің қыстағы орташа мөлшері облыстың солтүстігінде 30-35 күнге, оңтүстігінде 15 – 20 күнге жетеді. Ауа температурасының 0 ^{0}С-тан жоғары тұрақты шамасы облыстың солтүстік жағында сәуірдің алғашқы бес күндігінде, оңтүстік батысында наурыздың үшінші он күндігінің басында байқалады. Бұл кезеңде қар жамылғысы сетінеп, жылғалардан су ағып, өзендер деңгейі көтеріле бастайды. Көп жылдық бақылаулардың мәліметтері бойынша Орал қаласында 24 көкекте ауаның орташа тәуліктік температурасы 10 ^{0}С-тан жоғарылайды да, ауыл шаруашылық дақылдарының басым бөлігі белсенді өсіп-өну кезеңіне өтеді. Көктем облыста ерте және жаппай басталады, бірақ күннің жылынуы үнемі ауытқулы болады, оқтын–оқтын ызғырық еседі. Жалпы, аязсыз кезең облыстың солтүстігінде 130 күнге, оңтүстігінде 170 күнге дейін жетеді. Кей жылдары аязсыз кезең бұл шамадан едәуір ауытқуы мүмкін. Жаз айларына ыстық, қуаң әрі шаңқай ашық ауа райы тән. Бүкіл аумақтағы ауаның орташа температурасы шілдеде 23,6 ^{0}С құрайды, абсолюттік максимум 41-450С ыстыққа жетеді. Облыс жағдайында топырақтың жеткілікті ылғалданып, егіннен мол өнім жинау көрсеткіші атмосфералық жауын-шашын түсіміне байланысты. Олардың жылдық мөлшері солтүстігінде 300 мм-ден және оңтүстігінде 140 мм-ге дейін ауытқиды, бүкіл облыс аумағы үшін орташа шама 263 мм-ге сәйкес келеді. Бірақ жауын–шашын әр жылда әркелкі мөлшерде болады. Агроклиматтық аудандарда 10 ^{0}С-тан жоғары температуралық кезеңнің ішінде орташа алғанда солтүстікте 100 – 135 мм, оңтүстігінде 90 – 100 мм жауын–шашын түседі, бұл жылдық жауын – шашынның 45 – 55 %-і ғана, ал бұл кезеңдегі булану шамасы солтүстікте 850 мм-ден оңтүстігінде 1300 мм-ге дейін шарықтайды. Вегетациялық кезең ішінде жауын–шашын мөлшері өсімдіктің қалыпты өсуі мен дамуы үшін жеткіліксіз болады, оның үстіне жылы кезеңдегі жауын–шашын жоғары температурамен ұштасады да, іс жүзінде өсімдік үшін пайдасыз, мардымсыз болып қалады. Жылы кезеңдегі бұлыңғыр күндердің саны айына 5 – 8 күннен аспайды, ал желдің орташа айлық жылдамдығы жазғы кезеңде 3,5 – 4,5 м/сек. болады. Облыс ауа райы көктем соңында және ерте күз айларында шаруаға аса қолайсыз. Осы шақта ызғар есіп, атмосфера және топырақ құрғақшылығы артып, аңызақ тұрып, шаңдақ пен құм борататын екпіні 15 м/сек-тан асатын күшті дауыл соғып, бұршақ жауу, көк мұз басу, т.б. табиғи құбылыстар жиілейді.

Цезий-137 изотобы жоғарыда атап кеткендей, топырақ пен өсімдік құрамында кездесетіндіктен, адамға тигізер кері әсері мол. Жыл мезгіліне байланысты өндірістік орындар орналасқан аймақтар мен таза аймақ ауасы, топырағы, өсмдіктері, суы қаншалықты ластанатынына зерттеулер жүргізіліп, анықталды. Өлшеулер иондаушы сәулелерді өлшеуге арналған комбинирленген РКСБ-104 құрылғысы көмегімен жүргізілді.

№ 1 өндірістік объектінің күз, қыс, көктем, жаз мезгіліндегі ауаның, судың, топырақтың, өсімдіктің құрамындағы цезий-137-нің меншікті активтілігі мөлшерінің өзгерісі 1-сурет көрсетілген.

Ауаның құрамындағы цезий-137 меншікті активтілігі қыс мезгілінде төмендесе, көктем мезгілінде жоғарылап, жаз мезгілінде көбейеді. Ал судың құрамындағы күз мезгілімен салыстырғанда қыс мезгілінде айтарлықтай төмендейді, көктем және жаз мезгілінде судың құрамында жоғарылай түседі.

Топырақтағы цезий-137 меншікті активтілігі қыс мезгілінде төмен болса, жаз мезгілінде 2 есе жоғарылай түседі. Күз және көктем мезгілінде орташа деңгейде болады.



1-сурет – № 1 өндірістік объектінің маңындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігі, Бк/кг.

Өсімдіктің құрамындағы цезий-137 меншікті активтілігі мезгіл бойынша жоғарылай түседі. Яғни, күз мезгіліндегі жаздағымен салыстырғанда 2 есе аз. Цезий-137 көктем мезгіліндегіменшікті активтілігі, қыс мезгіліндегімен салыстырғанда жоғары.

Судағы цезий-137 күз, көктем, жаз мезгілінде жоғарыласа, қыс мезгілінде 2 есе төмендейді.

№ 1 – өндірістік объектінде топырақтың құрамындағы цезий-137 меншікті активтілігі ауа, су, өсімдіктегімен салыстырғанда жоғары.



2-сурет – № 2 өндірістік объектінің маңындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігі, Бк/кг.

№ 2 өндірістік объектіндегі зерттеу нәтижелері 2-сурет көрсетілген.

Ауаның құрамындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігі күзде төмен, жаз мезгілінде жоғары деңгейде болады.

Судағы цезий-137 радионуклидінің күз мезгіліндегі мөлшерін қыс мезгіліндегі мөлшерімен салыстырғанда көбірек, көктем айларында цезий-137 мөлшері жоғарылай түсіп, жаз мезгілінде жоғары деңгейде болады. Цезий-137-нің топырықтағы меншікті активтілігі күз және көктем мезгілінде орташа деңгейде болса, қыс мезгілінде төмен болады. Жаз айларында топырақтағы цезий-137 мөлшері жоғарылай түседі.

Өсімдік құрамындағы цезий-137-нің мөлшері күз, көктем, жаз мезгілінде жоғары болып, қыс мезгілінде төмен деңгейде болады.



3-сурет – № 3 өндірістік объектінің маңындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігі, Бк/кг.

№ 2 – өндірістік объектіндегі цезий-137-нің мөлшері жаз мезгіліндегі өсімдікте жоғары.

3-сурет – № 3 өндірістік объекті өндіріс орнындағы цезий-137-нің ауадағы, судағы, топырақтағы, өсімдіктегі меншікті активтілігі есептелініп өзгерісі көрсетілген.

Ауадағы цезий-137-нің мөлшері күз және көктем мезгілінің айларында жоғарылап, қыс айларында төмендей түседі. Жаз мезгілінде цезий-137-нің мөлшері жоғарғы деңгейге көтеріледі. Цезий-137-нің күз айындағы судағы активтілігінің деңгейімен салыстырғанда, қыс мезгілінде төменгі деңгейге дейін түсіп кетеді. Көктем айларында цезий-137-нің мөлшері қайта көтеріліп, жаз мезгілінде жоғарылай түседі.

Топырақтағы цезий-137-нің мезгіл бойынша өзгерісі қыс мезгілінде төмендей түсіп, көктем мезгілінен жаз мезгіліне дейін жоғарылай түседі.

Өсімдіктегі цезий-137 изотобы күз және қыс мезгілінде бірдей деңгейде болып, көктем айларында жоғарылап, жаз мезгілінде жоғарылай түседі.



4-сурет – № 4 өндірістік объектінің маңындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігі, Бк/кг.

№ 4 –өндірістік объектінің маңындағы ауа, су, өсімдік, топырақ құрамындағы цезий-137 радионуклидінің активтілігі 8-сурет көрсетілген.

Ауадағы, судағы, топырақтағы, өсімдіктегі цезий-137-нің мөлшері қыс айларында төменгі деңгейде болып, жаз айларында жоғарылай түседі.

Күз айларында ауадағы цезий-137-нің мөлшері жоғарылайды. Жаз айларында судағы цезий-137-нің мөлшері төмендейді. Топырақтағы цезий-137-нің мөлшері қыс мезгілінен кейін көктем айларында 2 есе жоғарылайды.

Цезий-137-нің судағы мөлшері күз мезгілімен салыстырғанда қыс айларында жоғарылайды.



5-сурет – № 5 өндірістік объектінің маңындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігі, Бк/кг.

5-сурет – № 5 өндірістік объектінің маңындағы цезий-137 изотобының меншікті активтілігі көрсетілген. Мында цезий-137-нің ауадағы, судағы, топырақтағы, өсімдіктегі мөлшері күз айларында төмендеп, қыс және көктем айларында жоғарылап, жаз мезгілінде жоғары деңгейге жетеді.

Зерттеу нәтижесінде цезий-137 изотобыны меншікті активтілігі мезгілге байланысты өзгеретіндігі анықталды. Өсімдіктердің өсуіне байланысты топырақтан радионуклидтерді ұстап қалу күзгі кезеңде максималды деңгейге жетеді.

Жазғы және күзгі кезеңдерде цезий-137-нің қорға жиналуы жүзеге асады, радионуклидтердің топырақтан өсімдіктерге өтуі байқалады.

Суреттерден Орал қаласының өндірістік аймақтарындағы өзен суларында цезий-137-нің нақты белсенділігінің өзгерісі көрінеді. Графиктерге қарап көктемгі және жазғы кезеңдерге қарағанда күзгі кезеңде цезий-137-нің мөлшері жоғары болатындығын байқауға болады. Бұл метеорологиялық жағдайларға байланысты, яғни күзде жаңбыр түріндегі жауын-шашын көп болады, жаңбыр суында радионуклидтердің жоғары мөлшері болатындығын көрсетеді. Суда цезий-137 еріген күйде болады, сондықтан, мұндай күйде өсімдіктер оны жақсы сіңіреді және топырақта әртүрлі реакцияларға түседі. Сондай-ақ күз мезгілінде суда оның көп мөлшерде болуын топырақтан радионуклидтердің шайылып өзен суына құйылуымен түсіндіріледі.

Табиғаттағы өзгерістер өте баяу жүретіндіктен қоршаған ортаға тигізілетін зиян бірнеше жылдардан кейін ғана біліне бастайды. Осыған байланысты зиянды өзгерістерді алдын алу үшін орындалатын іс-шаралар тым кеш болып, нәтиже бермей, болмаса мезгілі өтіп кеткен соң көп күш, қаражат пен материал жұмсауға тура келеді. Жыл өткен сайын, облыстың атмосфералық ауа бассейні ластанып барады. Өткен жылы өндіріс ошақтарынан шыққан зиянды қалдықтардың халықтың өмір сүруіне қаншалықты әсер етіп отырғанын тексерген санитарлық дәрігерлер алаңдаулы. Себебі бас пайдасын ойлаған кәсіпорындар экологиялық талаптарға назар аудармай отыр. Өнеркәсіптерден қолданысқа қажетті заттар алынғанымен, көптеген мөлшерде радиоактивті изотоптар бөлінеді. Олар қоршаған ортаға, адамзатқа зиянын көп мөлшерде тигізеді. Олардың адам ағзасына тигізетін әсерін және соған байланысты физиологиялық өзгерістерді біліп, денсаулықты сақтау маңызды мәселе.

Әдебиеттер

1 Оспанова Г. С., Бозшатаева Г. Т. Экология. – Алматы: Бастау, 2009. – 210 б.

2 Төлеубаев Б. Ә. Радиациялық экология жайлы қысқаша таным. – Павлодар, 2008. – 97 б.

3 Papachristodoulos C.A., P.A. Assmakopoulos, N.E. Patronis, K.G. Ioannides, «Use of HPGe γ-ray Spectrometry to Assess the Isotopic Composition of Uranium in Soils», Journal of Environmental Radioactivity, 64, (2003), 195-203.

4 Жаханов А. Радиациялық экология. – Алматы: Эверо, 2011. – 292 б.

5 Шаров В. Б. Здоровье и радиация. – Челябинск: Урало-Сибирский Дом экономической и научно-технической литературы, 2002. – 162 б.

6 Хемфри Д. Ф., Бархоп И., Лэс Г. Х. Радиоактивная опасность (опасность от радиоактивных выпадений в результате ядерных взрывов). – Москва: Атомиздат, 1958. – 183 б.

7 Busby, C. (2012). Comparing Fukushima releases with Chernobyl An Update for the 1st Anniversary, Green Audit, Aberystwyth K Occasional Paper 2012/2, March 11th 2012.

8 Молахметов З.М., Ғазалиев А.М., Фазылов С.Д. Экология негіздері. – Қарағанды: 2002. – 142 б.

9 Сагимбаев Г. К. Экология и экономика. Радиационная обстановка в Казахстане. – Алматы: 1997. – 186 б.

10 Ярмоненко С. П., Вайнсон А. А. Радиобиология человека и животных. – Москва: 2004. -128 б.

11 Матюхин В. А. Радиационно-экологическая ситуация и медико-биологические аспекты последствий аварии на ЧАЭС. //. Воен. – мед. журн. – 1990. – №6. – с. 8-11.

12 Mihai, S.A., Shaw, G. Hurtgen, Ch., Georgescu, I.I. (1998), Artificial radioactive contamination of sediment samples along the Romanian sector of the Danube river and the Black Sea coast, Journal of Radioanalytical and Nuclear Chemistry, Vol. 227, Nos 1 2, 129-131.

13 Yoshida N., and Takahashi Y. (2012). Contamination of land areas by radionuclides released from the Fukushima Daiichi nuclear power plant accident. Elements 8, 201–206.

14 Zalewska, T., and Lipska, J. (2006). Contamination of the Southern Baltic Sea with 137cs and 90sr over the period 2000–2004. Journal of Environmental Radioactivity 91, 1–14.

15 Akata, N., Hasegawa, H., Kawabata, H., et al., Deposition of 137Cs in Rokkasho, Japan and Its Relation to Asian Dust, Journal of Environmental Radioactivity, 2007, vol. 95, issue 1, pp. 1–9.

16 Https://en.wikipedia.org/wiki/Background radiation.

17 Http://www.world-nuclear.org/information-library/non-power-nuclear-applications/radioisotopes-research/radi oisotopes-in-industry.aspx

18 Ж.Ж..Жатқанбаев «Экология негіздері» Алматы, 2003 ж. 125 бет.

19 З.Ж. Асқарова «Радиация және өмір» Алматы, 2000 ж. 221 бет.

20 Дэвидсон Г.О. «Биологические последствия общего гамма-облучения человека». Пер. с англ. Под ред. М.Ф. Поповой. – М., Атомиздат, 1960. – 174 с.

21 Бударников В.А., Киршин В.А., Антоненко А.Е. Радиобиологический справочник. – Мн.: Урожай, 1992 г. 336 с.

22 Журавлев В.Ф. Токсикология радиоактивных веществ. – 2-е, изделие, перераб. и доп. – М.: Энергоатомиздат, 1990 г. 336 с.

23 Батырбаев Н. «Радиациялық ластанудың құқықтық жауапкершілігі» Алматы газеті-2003

24 Бак З. М. Химическая защита от ионизирующей радиации, пер. с англ., М., 1968 г. 191 с.

25 Романцев Е. Ф. Радиация и химическая защита, [2 изд.], М., 1968 г. 194 с.

26 Василенко И.Я. – Радиационные поражения продуктами ядерного деления – Здравоохранение Белоруссии. 1986, N12., 68 с.

27 Фатеева М.Н., Климов В.С., Понизовская А.И. и др. // Медицинская радиология. 1969. N 7. С.14-19.

28 Линделл Б. Ионизирующая радиация и здоровье: Пер. с англ.- М.: Наука, 1961 – 234 с.

29 Новожилов Г. Н. Радиационно-гигиенические аспекты безопасности при авариях на АЭС // Воен. – мед. журн. – 1990.- №4. – С. 63 – 67.

30 Булдакова Л.А., Василенко И.Я. Радионуклидное загрязнение окружающей среды и здоровье населения.: Медицина, М., 2004, 400 с.

References

1 Ospanova G. S., Bozshataeva G. T. (2009) Ekologiya [Ecology]. – Almaty: Bastau, – 210 p.

2 Təleubaev B. Ə. (2008) Radiaciyalyq ehkologiya zhajly qysqasha tanym [A brief understanding of radiation ecology] – Pavlodar: – 97 p.

3 Papachristodoulos C.A., P.A. Assmakopoulos, N. E. Patronis, K. G. Ioannides, «Use of HPGe γ-ray Spectrometry to Assess the Isotopic Composition of Uranium in Soils», Journal of Environmental Radioactivity, 64, (2003), 195-203.

4 Zhahanov A. (2011) Radiaciyalyq ehkologiya [Radiation Ecology] – Almaty: Evero, – 292 p.

5 Sharov V. B. (2002) Zdorov'e i radiaciya [Health and radiation] – Chelyabinsk: Uralo-Sibirskij Dom ehkonomicheskoj i nauchno-tekhnicheskoj literatury [Ural-Siberian House of Economic and Scientific and Technical Literature], – 162 p.

6 Hemfri D. F., Barhop I., Lehs G. H. (1958) Radioaktivnaya opasnost' (opasnost' ot radioaktivnyh vypadenij v rezul'tate yadernyh vzryvov) [Radioactive danger (danger from radioactive fallout due to nuclear explosions)] – Moscow: Atomizdat, – 183 p.

7 Busby, C. (2012). Comparing Fukushima releases with Chernobyl An Update for the 1st Anniversary, Green Audit, Aberystwyth K Occasional Paper 2012/2, March 11th 2012.

8 Molahmetov Z. M., Ғazaliev A. M., Fazylov S. D. (2002) Ehkologiya negizderi [Basics of Ecology]. – Karaganda:. – 142 p.

9 Sagimbaev G. K. (1997) Ehkologiya i ehkonomika. Radiacionnaya obstanovka v Kazahstane [Ecology and economics. Radiation situation in Kazakhstan] – Almaty: – 186 p.

10 Yarmonenko S. P., Vajnson A. A. (2004) Radiobiologiya cheloveka i zhivotnyh [Radiobiology of humans and animals]. – Moscow: -128 p.

11 Matyuhin V. A. (1990) Radiacionno-ehkologicheskaya situaciya i mediko-biologicheskie aspekty posledstvij avarii na CHAEHS [Radiation-ecological situation and medical-biological aspects of consequences of the Chernobyl accident]. // Military Medical Journal – №6. – pp. 8-11.

12 Mihai, S.A., Shaw, G. Hurtgen, Ch., Georgescu, I.I. (1998), Artificial radioactive contamination of sediment samples along the Romanian sector of the Danube river and the Black Sea coast, Journal of Radioanalytical and Nuclear Chemistry, Vol. 227, Nos 1 2, 129-131.

13 Yoshida N., and Takahashi Y. (2012). Contamination of land areas by radionuclides released from the Fukushima Daiichi nuclear power plant accident. Elements 8, 201–206.

14 Zalewska, T., and Lipska, J. (2006). Contamination of the Southern Baltic Sea with 137cs and 90sr over the period 2000–2004. Journal of Environmental Radioactivity 91, 1–14.

15 Akata, N., Hasegawa, H., Kawabata, H., et al., Deposition of 137Cs in Rokkasho, Japan and Its Relation to Asian Dust, Journal of Environmental Radioactivity, 2007, vol. 95, issue 1, pp. 1–9.

16 Https://en.wikipedia.org/wiki/Background radiation.

17 Http://www.world-nuclear.org/information-library/non-power-nuclear-applications/radioisotopes-research/radi oisotopes-in-industry.aspx

18 Zhatqanbaev Zh. (2003) Ehkologiya negizderi [Basics of Ecology] Almaty, 125 p.

19 Asқarova Z. (2000) Radiaciya zhiane omir [Radiation and Life]. Almaty, 221 p.

20 Dehvidson G.O. (1960) Biologicheskie posledstviya obshchego gamma-oblucheniya cheloveka [Biological Consequences of Total Human Gamma Irradiation]. Trans. with English. Ed. M.F. Popova / Moscow: Atomizdat, 174 p.

21 Budarnikov V.A., Kirshin V.A., Antonenko A.E. (1992) Radiobiologicheskij spravochnik [Radiobiological reference book]. – Minsk: Urozhay, 336 p.

22 Zhuravlev V.F. (1990) Toksikologiya radioaktivnyh veshchestv [Toxicology of radioactive substances]. – 2-nd, article, revised. and additional. – Moscow.: Energoatomizdat, 336 p.

23 Batyrbaev N. (2003) Radiaciyalyq lastanudyn qyqyqtyq zhauapkershiligi [Legal responsibility of radiation contamination], Almaty newspaper.

24 Bak Z. M. (1968) Himicheskaya zashchita ot ioniziruyushchej radiacii [Chemical protection from ionizing radiation], – trans. from the English, Moscow, – 191 p.

25 Romancev E. F. (1968) Radiaciya i himicheskaya zashchita [Radiation and chemical protection], [2 edition], Moscow, – 194 p.

26 Vasilenko I.Ya. (1986) Radiacionnye porazheniya produktami yadernogo deleniya [Radiation damage to nuclear fission products] – Health Care in Belarus, N12., – 68 p.

27 Fateeva M.N., Klimov V.S., Ponizovskaya A.I. and others (1969) Meditsinskaya radiologiya [Medical Radiology]. – N 7. pp.14-19.

28 Lindell B. (1961) Ioniziruyushchaya radiaciya i zdorov'e [Ionizing Radiation and Health]. – Trans. with the English- Moscow: Nauka, – 234 p.

29 Novozhilov G. N. (1990) Radiacionno-gigienicheskie aspekty bezopasnosti pri avariyah na AEHS [Radiation and Hygiene Aspects of Safety in Accidents at Nuclear Power Plants] // Military Medical Journal. – №4. – p. 63-67.

30 Buldakova L.A., Vasilenko I. Ya. (2004) Radionuklidnoe zagryaznenie okruzhayushchej sredy i zdorov'e naseleniya [Radionuclide pollution of the environment and public health].: Medicina, Moscow, 400 p.

5-бөлім

РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ

Раздел 5

РЕКРЕАЦИОННАЯ ГЕОГРАФИЯ И ТУРИЗМ

Section 5

RECRAETION GEOGRAPHY AND TOURISM

ҒТАМР 71.37.75

Алиева Ж.[1], Сарабаева Б.[2]

[1]г.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971
[2]4 курс студенті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ. , e-mail: bota_96_64@mail.ru, тел.: +7 778 646 6797

ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ РӨЛІ

Қоғамның дамуында және әлеуметтік-экономикалық, мәдени, экологиялық мәселелерді шешуде волонтерлік белсенділік маңызды рөл атқарады. Жаңа трендке айналған волонтерлікпен демалысты ұйымдастыру туризм индустриясында қарқынды дамып келе жатқан жаңа аспектілердің бірі. Волонтерлік туристерге өзін-өзі дамытуға, өз елінің, басқа елдердің тарихы, мәдениеті, дәстүрі туралы білімін кеңейтуге үлкен мүмкіндіктер жасап, басқа адамдарға қамқорлық көрсету, өзін жаңа жағдай мен ортада сынауға үлкен септігін тигізеді. Елдің белсенді азаматтары халықаралық және аймақтық, жергілікті әлеуметтік маңызды мәселелерді шешу барысында өз демалысын тиімді өткізу ерекшеліктеріне ие болады.

Мақалада волонтерліктің теориялық және әдістемелік негіздерін қамтиды, волонтерліктің түсінігі, әлемдік волонтерлікке статистикалық мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар, «волонтер» түсінігі бойынша отандық, ресейлік және шетелдік ғалымдардың әртүрлі көзқарастары ұсынылған, бүгінгі таңда қолданыстағы терминологияға талдау қарастырылған. Туризм мен волонтерліктің байланысы, «волонтерлік туристік іс-әрекет» пен «волонтуризм» түсініктерінің айырмашылығы, халықаралық волонтуристік бағдарламалары, олардың атқарған іс-шаралары жайлы мәліметтер келтірілген.

Түйін сөздер: волонтерлік, волонтерлік туристік іс-әрекет, волонтуризм, волонтерлік туристік бағдарламалар.

Aliyeva Zh.[1], Sarabayeva B.[2]

[1]c.g.s. , associate professor, Kazakh National University named after al-Farabi,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971
[2]Student of 4 course, Kazakh National University named after al-Farabi,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bota_96_64@mail.ru, тел.: +7 778 646 6797

The role of volunteering in the development of tourism

Volunteering plays an important role in the development of society and the solution of socio-economic, cultural and environmental problems. The organization of leisure with the help of volunteerism, which today is considered as a trend, is one of the rapidly developing directions of the tourism industry. Volunteering enables tourists to expand their knowledge about self-development, about their own country, history, culture, traditions of other countries, to be attentive to the world around, to test themselves in new conditions. Thus, volunteers, taking part in solving international, regional, local social problems, have the opportunity to organize their vacation in a combination of «useful and enjoyable.»

The article considers theoretical and methodological foundations of volunteering, analyzes statistical data on the development of volunteerism in the world. Also, various points of view of domestic, Russian and foreign scientists on the concept of «volunteer» are presented, an analysis of the terminology existing today is given. At the same time, the relationship between volunteerism and tourism, and such concepts as «volunteer performance» and «volunteerism» is revealed. The article contains examples of existing international volunteer programs, their activities, reveals the role of volunteerism in the development of tourism.

Key words: volunteering, tourist volunteering, voluntourism, volunteer tourism programs.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Алиева Ж.[1], Сарабаева Б.[2]
[1]к.г.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971
[2]студентка 4 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bota_96_64@mail.ru, тел.: +7 778 646 6797

Роль волонтерства в развитии туризма

Волонтерство играет важную роль в развитии общества и решении социально-экономических, культурных и экологических проблем. Организация отдыха с помощью волонтерства, которая на сегодняшний день считается трендом, является одним из быстро развивающихся направлений индустрии туризма. Волонтерство дает возможность туристам расширить свои знания о саморазвитии, о своей собственной стране, истории, культуре, традициях других стран, быть внимательным к окружающему миру, испытать себя в новых условиях. Таким образом, волонтеры, принимая участие в решении международных, региональных, местных социальных проблем, имеют возможность организовать свой отдых в сочетании «полезное с приятным».

В статье рассматриваются теоретические и методологические основы волонтерства, анализируются статистические данные развития волонтерства в мире. Также представлены различные точки зрения отечественных, российских и зарубежных ученых о понятии «волонтер», дается анализ существующей на сегодняшний день терминологии. Вместе с тем раскрывается взаимосвязь волонтерства и туризма, и таких понятий, как «волонтерская деятельность» и «волонтуризм». В статье приводятся примеры существующих международных волонтерских программ, их деятельность, расскрывается роль волонтерства в развитии туризма.

Ключевые слова: волонтерство, туристское волонтерство, волонтуризм, волонтерские туристские программы.

Кіріспе

Қоғамда қандай жұмыстар жасалмасын, қандай іс-шаралар өткізілмесін, оларды ұйымдастырушы, жүзеге асырушы қарапайым ғана адамдар. Бірінші кезекте, қоршаған орта мен қоғамға жаңа игі өзгерістер әкелуді қалайтындар, өздерінің сол ортаның мүшесі екендігін сезіне отырып жақсылық жасаушылар. Сонымен қатар жасаған жақсылығы мен атқарған жұмысы үшін ақы сұрамайтын тұлғалар. Қысқаша тізілген қасиеттерді жалпы бір арнаға тоғыстырып, бір адамның бойына жинақтасақ, қазіргі күні «Ерікті» немесе «Волонтер» деп аталатын қоғам мүшелеріне лайықты аттың иелерін көреміз.

Волонтер (ерікті) – өз еркімен, өтеусіз түрде қызметтер жасайтын немесе ұсынатын адам. Басқаларға көмек көрсетуге және сол идеяны жетекшілікке алып, әрекет етуге дайын тұрған кез келген адам волонтер бола алады (Конвисарева 2006)

Қоғамдық ұйымдардың, бизнес пен азаматтардың волонтерлік іс-әрекеттері білім беру, ғылым, мәдениет, өнер, денсаулық сақтау, қоршаған ортаны қорғау және бірқатар басқа салалардағы қоғамның әлеуметтік дамуының ең маңызды факторлары болып табылады. Волонтерлік құраушы азаматтық қоғамның барлық институттары қызметінде ажырамас тәжірибе бере алады. Сол сияқты туризмде де волонтерлік іс-әрекетпен айналысу адамның демалысты жағымды нарселермен үйлестіру арқылы әлеуметтік дамуына әсер етеді.

Волонтерлік жұмыс түрлі бағытта атқарылады. Ол қарапайым мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылуынан бастап, табиғи апаттардың зардаптарын жою, электронды қызметтер, ағарту жұмыстары, аштықты, кедейлікті жоюға арналған халықаралық бағдарламалардың мүшесі болу, медициналық көмек көрсету және тағы басқалары болып табылады. Сонымен қатар әлем бойынша волонтерліктің дамуына үлесін қосып отырған халықаралық ұйымдардың саны артып келуде және бағдарламалардың бағыттылығы едәуір өзгерген.

Қолданылған мәліметтер мен зерттеу әдістері

«Волонтерлік» (французша volontaire, ағылшынша volunteer – ерікті, ал латынша voluntarius – әскери қызметке өз еркімен түскен тұлға) – қоғамдағы мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге бағытталған әлеуметтік немесе басқа бір іске жеке тұлғалардың өз уақыты мен машықтары арқылы қосқан үлесі.

Волонтерлік – әрбір адамның азаматтық сана-сезімі мен рухани принциптерінің және адамгершілік қасиеттерін білдірудің бір нысаны болып табылады. Мәні мен мазмұны «ақысыз, саналы түрде өз еркімен өзгелердің игілігіне «жасалған іс бола тұрып, волонтерлік

«азаматтық қоғамның фундаменті болып саналып, «адамзаттың татулық, бостандық, қауіпсіздік, өзге мемлекеттердің халқына әділдікпен қарау» сынды ұмтылыстарына қол жеткізулеріне мүмкіндік тудырады (Бодренкова 2013).

Кесте – «Волонтер» түсінігінің анықтамалары (Азарова 2008)

№	Авторлар	Анықтамалар
1	Попов М.	Волонтер – өз еркімен әскери қызметке баратын және жауға қарсы іспен ерікті түрде айналысатын адам.
2	Кравченко С.А.	Волонтер – ерікті; өз еркімен сынаққа келісуші адам.
3	Басова Л.М.	Қоғамдық пайдалы істердегі азаматтық қатысу формасы, ұжымдық өзара әрекеттесудің мүмкіндігі және өзекті әлеуметтік-педагогикалық мәселелерді шешудің тиімді механизмі.
4	Astin A.W., Sax L.J.	Жеке ұстанымдар мен көзқарастарды айқындайтын ерікті таңдау, өмір сапасын, жеке өсуді және адамдардың мейірімін тереңдетуді мақсат ететін адами қауымдастық өміріне азаматтардың белсенді түрде қатысуы.
5	Хухлин А.В.	Әлеуметтік бастаманы мобилизациялау, қоғамдық маңызы бар мақсаттарға жету, оның жеке өсуіне мүмкіндік беретін жалпы мәселелерді шешу үшін бірлесудің ерікті түрі.
6	Biderman K.	Басқа адамдарға көмек көрсету арқылы өзінің жеке және әлеуметтік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыра алу мүмкіндігі.
7	Ахмадгалеев А.Д., Усманов Б.Ф.	Ақшалай сыйақыға қатыссыз, кең қоғамдылық игілікті, ерікті түрде жүзеге асатын өзара көмек пен өз-өзіне көмектің дәстүрлі формалары, қызметтерді ресми түрде көрсету және азаматтық қатысудың басқа да түрлерін қамтитын кең әрекеттілік.
8	Тетерский С.В.	Қоғамдық бірлестіктермен ғана емес, сонымен қатар жекелей түрде жүзеге асатын көмекке мұқтаж адамдарға риясыз көмек.
9	Конвисарева Л.П.	Басқа адамдардың игілігі үшін жасалынған ақысы төленбейтін, саналы, ерікті әрекеттілік.
10	Ожегов С.И.	Волонтерлер – мұқтаж адамдарға риясыз, ерікті көмек көрсету, қалтқысыз қолдау көрсетуге бағытталған адам қызметінің ерекше үлгісі.

Кестеде көрсетілген мәліметтерге талдау жасау келесідей тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді: волонтерлік – өз еркімен қоғамда игі істермен айналысу, мұқтаж адамдарға көмек беру, адамзаттың дамуына мүмкіндік беретін, өтеусіз негізде орындалатын пайдалы қызмет.

Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде, жыл санап волонтерліктің қатарына кіретін жас шамасы мен ұлтына қарамастан, волонтер азаматтар саны көбейіп келеді. Мысалы, 90-жылдардың басында волонтерлік қозғалыста 90 млн. адам болса, қазіргі таңда олардың саны әлем бойынша 1,1 млрд адамды құрайды. Қайырымдылық қорымен 1,5 млрд адам айналысып, бейтаныс адамдарға қол ұшын беретін 2,4 млрд адам тіркелген, олардың саны 2016 жылдан 1,5%-ға артқан (CAF World Giving Index 2017). Волонтерліктің дамуына үлесін қосып отырған халықаралық ұйымдардың саны да артып келуде және бағдарламалардың бағыттылығы 90-жылдарға қарағанда едәуір өзгерген: мәдени, экономикалық, саяси, экологиялық, туристік, оқытушылық, шығармашылық.

Беларусь ғалымы Штефан Л. әлемдегі волонтерлер қозғалысының барлық қызметін нысаны мен ұйымдастыру принциптеріне қарай екі түрге бөледі (Штефан 2010):

- классикалық волонтерлер қозғалысы;
- волонтерлер қозғалысының негізіндегі турлар.

Бірінші бағытқа (күніне 4-6 сағат, тамақтандыру және орналастыру қабылдаушы елдің есебінен) әлеуметтік жобалар аясында кез-келген халықаралық коммерциялық емес ұйымының қамқорлығымен волонтерлік лагерлерде төленбейтін жұмыстарды жатқызуға болады. Мұндай бағдарламалар негізінен жастарға арналған. Волонтерлік лагерлер қоршаған ортаны қорғаудан бастап фермада жұмыс жасауға дейінгі қозғалысты қамтиды. АҚШ, Германия, Англия, Франция, Испания және басқа да бірқатар елдерде мұндай жобалар аса танымалы бағыт болып табылады.

Екінші бағыт туроператорлармен ұйымдастырылатын қиындығы мен ұзақтығы әр алуан турлардың волонтерлер лагерлерінен комфортты орналастыру, аз еңбек қарқыны, демалыс

пен ойын-сауық үшін уақыттың елеулі бөлігін пайдалануға қабілеттілігімен ерекшеленеді. Волонтерлер қозғалысының бұл түрін қазіргі таңда «волонтуризм» деп атайды. Осыған орай «волонтерлік туристік іс-әрекет» пен «волонтуризм» түсінігін ажыратып алу керек.

Волонтерлік туристік іс-әрекет – бүкіл әлем бойынша туристтік бағытағы волонтерлік жобаларға өз еркімен барлық жастағы адамдардың қатысуы. Мысалы, бұқаралық іс-шараларға, қорықтар мен ұлттық парктерге, турбазалар мен қонақ үйлерге көмек көрсету. Мысалы, 2008 жылы Қытайда өткен Олимпиада ойындарында Пекин мұражай кешені елде тұратын 185 шет ел волонтерлерін экскурсия жүргізуге дайындаған. Мұражайға қытай тілінде сойлей алатын ағылшын, француз, неміс, жапон, корей, орыс, испан, араб тілдерінің мамандары шақырылды (Волонтёры-иностранцы будут работать в пекинском Запретном городе 2015).

АҚШ-тың Hampton Save-A-Landmark бағдарламасының волонтерлері соңғы 16 жылда елдің тастанды көрнекті орындар қалпына келтірумен айналысып келе жатыр. Нәтижесінде Аляскада орналасқан әлемдегі ең үлкен Санта Клаустың мүсінін, Нью-Йорк штатындағы «Үлкен Үйрек» кәдесыйлар дүкенін, Аризона штатының шөлінде орналасқан АҚШ-тың ең биік фонтанын және Невада өкілінің мүсінін қалпына келтірді. Hotel.su сайтының айтуынша қорғауға мұқтаж көрнекті орындардың саны үнемі жаңартылып отырады (Волонтёры спасают американские достопримечательности 2007).

Эковолонтерлік – агротуризмнің дүниежүзілік тәжірибесі, жоба негізінде агроқожайындар бақтар мен бақшаларда, жүзімдіктер мен фермаларда жұмыс жасауға волонтерлерді қабылдайды. Тек ауыл шаруашылығымен айналысатын волонтерлік жоба – WWOOF (World Wide Opportunities on Organic Farms) айтуымызға болады (World Wide Opportunities on Organic Farms 2009). Жоба жұмыстардың әртүрлі бағыттарын қамтуы мүмкін: құлпынай жинаудан жануарларға күтім жасау, жүзімдіктер теру, ірімшік дайындауға дейін. Ол таңдаған ауданға байланысты сәйкес келеді. Жаңа Зеландия мен Гавай аралдарына жыл бойы фермаларға көмек қажет.

Бүкіл әлем бойынша коммерциялық емес ұйымдар жүзеге асырып отырған ең қызықты және танымал волонтерлік бағдарламалар:

- Turtle Teams (әлем бойынша) – мыңдаған волотерлік топтар жоғалып бара жатқан теңіз тасбақаларына көмектеседі;

- Conservation Volunteers (Аустралия және Жаңа Зеландия) – табиғатты қорғау мен экологиялық туризмді дамыту үшін топ жұмысын қамтитын қысқа мерзімді жоба;

- Appalachian Trail Conference (АҚШ) – туристік соқпақ салуға және Аппалач тауында жануарлардың 2000 жуық жойылу қаупі бар түрлеріне көмек көрсетумен айналысатын жоба.

- HF Holidays (Еуропа) – Еуропа елдерінде туристер топтарына волонтерлер нұсқаушыларын іздейтін ең танымал жаяу оператордың бірі болып табылады;

- Help Exchange (әлем бойынша) – бақша мен ферма, мектепте мұғалім болу, діни жобаларды іске асыру, үйдің құрылысы және т.б. жұмыстарға көмек қажет ететін көптеген әлемнің түкпір-түкпірінен адамдарға қосымша көмекшілерді іздеп табуға мүмкіндік беретін сайт.

- Біріккен Ұлттар Ұйымының Волонтерлері (әлем бойынша) – ұйым ерік білдірген тұлғаларға шетелде түрлі жобаларға қатысуға мүмкіндік береді (денсаулық сақтаудан табиғи апаттан зардап шеккендерге экономикасының дамуына көмек көрсетуге дейін), бірақ жоба тек кәсіби мамандарға арналған.

- Kibbutz Volunteer (Израиль) – азық-түлік және тұрғын үймен қамтамасыз ете отырып, волонтерлік елдер туралы (Таяу Шығыс және Солтүстік Африка) білуге мүмкіндік береді;

- Move Nepal (Непал) – Ағылшын тілін үйрету, балалар үйлері мен шіркеулерге, қоғамдық жұмыстарға, т.б. көмек көрсетуге әлемнің түкпір-түкпірінен волотерлерге мүмкіндікті қамтамасыз ететін үкіметтік емес ұйым (Десять бесплатных волонтёрских программ 2012).

Түрлі волонтерлік ұйымдардың сайтында және әлеуметтік желілерде ұсынылған жобалардың ішінен туризм саласындағы волонтерлік бағдарламалардың өте үлкен тізімін құруға мүмкіндік береді. Мысалы, Австрияда волонтерлік бағдарламалар (хаскалармен жұмыс), Францияда (іс-шараларды ұйымдастыру және хостелдерде жұмыс жасау), Исландияда (кафелерде, қонақ үйлерде, атқоналарда жұмыс), Камчаткада (табиғат қорықтарында жұмыс), Канадада (турбазада жұмыс), Гавайда (серферлер қоғамдастығында жұмыс), Жаңа Зеландияда (қорғалған аралында, жағалау құстарын зерттеу орталығында, хостелде жұмыс), Австралияда (хостелде жұмыс) секілді өзекті волонтерлік бағдарламаларды айтуға болады (Образовательный сайт Westudy.In 2014).

2008 жылғы Travelocity компаниясының зерттеулеріне сәйкес туристердің шамамен

38%-ы волонтерлік қызметпен айналысқан, бұл шын мәнінде және жыл сайын осы қызметпен айналысуға баратын туристер саны артып отыр (Волонтёрство – новый тренд в туризме 2008). «Волонтерлік туризм» («Voluntourism») – шетелдік тәжірибеде туризм индустриясында қолданылып келе жатқан жаңа термин.

Соңғы жылдары волонтуризм танымалы трендке айналды. Туризмнің осы түрінің астарында туристер дамушы елдерге немесе жағдайы төмен елдерге түрлі қайырымдылық бағдарламаларына (жетім балаларға ағылшын тілін үйрету, табиғатты қорғау, мектеп құрылысына көмек) қатысу мақсатындағы маршруттарға ақша төлеп саяхаттайды.

Нәтижелері мен талдау

Бүгінгі таңда волонтуризм жылына 1,6 миллионнан астам туристер волонтерлер қатысқан және шамамен 2 млрд доллар қаражат жұмсалған қарқынды өсіп келе жатқан сала болып табылады (Kahn C. As Voluntourism Explodes in Popularity. Who is Helping Most? 2014). Жыл сайын өтетін Коста-Рика, Байкал көлі, Эверест тауы, Инктер соқпағына халықаралық экологиялық экспедициялар өте танымалы. Волонтуризмнің танымалы түрі жабайы жануарларға көмек көрсету болып табылады (пингвиндер мен басқа құстарды мұнай қалдықтарынан тазалау, жануарлар популяциясын есептеу, мысалы, Кениядағы пілдерді, Аляскадағы ит балықтар мен бұғыларды, жараланған және ауру жануарларға қамқорлық жасау, т.б.).

Мысалы, Қытайда 1980 жылы құрылған CCRCGP (The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda) ғылыми-зерттеу орталығында пандаларға көмек беруге болады. Турист-волонтердің негізі міндеттеріне пандаларға тамақ жасау, жануарларға қарау, ауруханадағы ветеринарларға көмек беру кіреді (The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda 2010). Боливияда Intu Wara Yassi ұйымы нарықта рұқсатсыз сатылып жапа шеккен жануарларды қорғауға көмектеседі. Әдетте волонтерлік лагерлерде туристер 14-29 күн аралығында жараланған құстар мен жануарларға, соның ішінде папугайларға, лемурларға, жабайы маймылдарға күтім жасайды.

Волонтерлік туризм бағыты ретінде ғылыми-зерттеулер мен археологиялық жұмыстар ғылыми жұмыс зерттеушілерге көмек бере отырып түрлі тарихи орындарда демалуға мүмкіндік бере алады. Мысалы, Тибет, Валаамда туристер қажы зерттеушілермен ежелгі ғибадатқаналар мен әулие орындарға бірге барады немесе жергілікті тұрғындардың өмірі мен салт-дәстүрін зерттейтін экспедицияға қатыса алады. Earthwatch Institute 2015 жылы күзде және жазда туристерге Популония (Тоскана, Италия) ежелгі Этрусс қаласында қазба жұмыстарына, Их Нарт (Монғолия) ұлттық қорығының территориясында археологиялық қазбаларға, Адриана қорғанының маңындағы Рим Фортына (Саут-Шилд, Ұлыбритания), Пуэбало (Кортес, Колорадо, АҚШ) үнділер қоныстарын зерттеу жұмыстарын ұйымдастырды (15 лучших международных волонтёрских программ на лето 2016).

Турист-волонтерлерге көмек ретінде 2000 жылы Travelocity IgoUgo-мен бірігіп веб-сайт іске қосып, қазіргі кезде мұнда тәжірибелі саяхатшылар өздерінің қайырымдылық миссияларының фотосуреттері мен әңгімелерімен бөлісіп отырады (Travelocity 2000). IgoUgo негізгі бөлігі жазбаның тікелей авторымен сөйлесуге және одан нақтылау және жоспарланған сапар бойынша ұсыныстар алу үшін мүмкіндік беретін саяхатшылардың әлеуметтік желісі болып табылады. Қазіргі таңда http://www.helpx.net/, http://travelvolunter.com/, http://www.hfholidays.co.uk/ сынды көптеген сайттар арқылы волонтерлік іс-әрекетпен айналысып тегін демалысты ұйымдастыруға көмектеседі. Бұның барлығы қазіргі таңда турист-волонтерлердің туризмнің жаңа формасы волонтуризмнің дамуына үлкен үлесін қосып жатыр.

Волонтерлік арқылы:

- қоғамда көмек пен қамқорлық сынды адами қасиеттер дамып, күшейеді;
- азаматтар жаңашылдықты тани отырып, өз өмірлерін жетілдіру арқылы қоғамда жауапкершілік пен қамқоршылық қасиеттерін арттырады;
- жер бетіндегі адамзаттың таза қоғамда өмір сүріп, тұрақты бірлестіктерде еңбек етіп, жаңашыл инновациялық жобаларды бірлесе отырып іске асырудың барысында әртүрлі салада байланыстар орнатылуы мүмкін.

Туристік волонтерлік қозғалысының барлық түрлері – елдің туризм индустриясын дамытуда маңызды мақсаттарға жету, туризм саласындағы ортақ проблемаларды бірлесіп шешу, жеке өсу және оның мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін дамытуға ықпал ететін туристік бастамалардың біріккен ерікті формасы.

Қорытынды

Волонтерлік іс – қызметтердің кең ауқымдылығы, ішіне өзара көмектің дәстүрлі пішіндерін және өзіне деген көмектің арттыруы болып келеді. Волонтертлік туристік іс-әрекет қайырымдылық жұмыс жасауда жаңа тәжірибе мен саяхаттап барған елдің мәдениеті туралы терең білім алуға мүмкіндік беретін демалудың жаңа формасы және мазмұны жағынан қызықты туризм түріне айналып отыр. Әлемде бұл туризм түрімен айналысқысы келетін туристер саны артып жатқанын келтірілген статистикадан байқауға болады. Волонтерлік туристік бағдарламар саны да аз емес. Туристер кедейлерге әлеуметтік көмек бағдарламаларына қатыса алады, мысалы, Вьетнамда науқас балаларға қарау, Непалда жергілікті халыққа үйлер салу, Аргентинада үйсіздерге баспана салу мен қаңғыбас балаларға арналған тамақ дайындауға көмектесу, Кениядағы пілдерді, Аляскадағы ит балықтар мен бұғыларды, жараланған және ауру жануарларға қамқорлық жасау, Мадагаскарда шағын бизнес үшін тренингтер ұйымдастыру мен жергілікті балаларға оқыту сабақтарын жүргізу және т.б.

Волонтерлік туристік қызметтер мен волонтуризмнің нақты айырмашылығы, бірінші жағдайда волонтер белгілі бір жұмыстарды орындағаны үшін оларға тегін баспана пен тамақтану ұсынылады, бірақ межелі жерге жету үшін қаражат жұмсайды. Екінші жағдайда болса, туристер барлық шығынды өздері төлейді, яғни турпакет сатып алады, кейбір жағдайларда белгілі бір жұмыстармен айналысу үшін қосымша шығын жұмсайды (археологиялық қазбаға қатысуға мүмкіндік, т.б.).

Әдебиеттер

1 Конвисарева Л.П. (2006) Волонтёрское движение как фактор развития социальной активности молодёжи [Volunteering movement as a factor in the development of social activity of young people] – 211 с.

2 Бодренкова Г.П. (2013) Системное развитие добровольчевства в России: от теории к практике: учебно-методическое пособие [System development of volunteers in Russia: from theory to practice: a teaching aid] – М.: АНО «СПО СОТИС». – 320 с.

3 Азарова Е.С. (2008) Психологические детерминанты и эффекты добровольческой деятельности [Psychological determinants and effects of volunteer activity] – Кемерово. – 192 с.

4 CAF World Giving Index (2017) [Электронды ресурс]: URL: https://www.cafonline.org/ (кірген уақыты: 20.08.2017).

5 Штефан Л.В. (2010) Волонтерский экологический туризм как фактор межкультурной коммуникации: материалы ежегодной международной интернет-конференции [Электронды ресурс]: URL: http://www.imek.org/ (кірген уақыты: 10.09.2017).

6 Волонтёры-иностранцы будут работать в пекинском Запретном городе (2015) [Электронды ресурс]: URL: http://www.vokrugsveta.ru/ (кірген уақыты: 10.09.2017).

7 Волонтёры спасают американские достопримечательности (2007) [Электронды ресурс]: URL: http://www.travel.ru/news/ (кірген уақыты: 09.09.2017).

8 World Wide Opportunities on Organic Farms (2009) [Электронды ресурс]: URL: http://wwoofinternational.org/ (кірген уақыты: 10.09.2017).

9 Десять бесплатных волонтёрских программ (2012) [Электронды ресурс]: URL: https://ru-ru.facebook.com/notes/cheaptrip/ (кірген уақыты: 10.09.2017).

10 Образовательный сайт Westudy.In. (2014) [Электронды ресурс]: URL: http://westudy.in/ (кірген уақыты: 08.09.2017).

11 Волонтёрство – новый тренд в туризме (2008) [Электронды ресурс]: URL: http://www.votpusk.ru/ (кірген уақыты: 02.09.2017).

12 Kahn C. As Voluntourism Explodes in Popularity. Who is Helping Most? (2014) [Электронды ресурс]: URL: http://www.npr.org/blogs/go/ (кірген уақыты: 10.09.2017).

13 The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda (2010) [Электронды ресурс]: URL: http://www.pandasinternational.org/ (кірген уақыты: 10.09.2017).

14 15 лучших международных волонтёрских программ на лето (2016) [Электронды ресурс]: URL: https://lifehacker.ru/ (кірген уақыты: 01.09.2017).

15 Travelocity (2000) [Электронды ресурс]: URL: https://www.travelocity.com/ (кірген уақыты: 01.09.2017).

References

1 Konvisareva L.P.(2006) Volonterskoe dvizhenie kak faktor razvitiya socialnoj aktivnosti molodezhi [Volunteering movement as a factor in the development of social activity of young people] – 211 s.

2 Bodrenkova G.P. (2013) Sistemnoe razvitie dobrovolchevstva v Rossii: ot teorii k praktike: uchebno-metodicheskoe posobie [System development of volunteers in Russia: from theory to practice: a teaching aid] – M.: ANO «SPO SOTIS». – 320 s.

3 Azarova E.S. (2008) Psihologicheskie determinanty i effekty dobrovolcheskoj deyatelnosti [Psychological determinants and effects of volunteer activity] – Kemerovo. – 192 s.

4 CAF World Giving Index (2017) [Elektrondy resurs]: URL: https://www.cafonline.org/ (kirgen uakyty: 20.08.2017).

5 Shtefan L.V. Volonterskij ekologicheskij turizm kak faktor mezhkulturnoj kommunikacii: materialy ezhegodnoj mezhdunarodnoj internet-konferencii (2010) [Elektrondy resurs]: URL: http://www.imek.org/ (kirgen uakyty: 10.09.2017).

6 Volontery-inostrancy budut rabotat v pekinskom Zapretnom gorode (2015) [Elektrondy resurs]: URL: http://www.vokrugsveta.ru/ (kirgen uakyty: 10.09.2017).

7 Volontery spasayut amerikanskie dostoprimechatelnosti (2007) [Elektrondy resurs]: URL: http://www.travel.ru/news/ (kirgen uakyty: 09.09.2017).

8 World Wide Opportunities on Organic Farms (2009) [Elektrondy resurs]: URL: http://wwoofinternational.org/ (kirgen uakyty: 10.09.2017).

9 Desyat besplatnyh volonterskih programm // Sheaptripclub (2012) [Elektrondy resurs]: URL: https://ru-ru.facebook.com/notes/cheaptrip/ (kirgen uakyty: 10.09.2017).

10 Obrazovatelnyj sajt Westudy.In. (2014) [Elektrondy resurs]: URL: http://westudy.in/ (kirgen uakyty: 08.09.2017).

11 Volonterstvo – novyj trend v turizme (2008) [Elektrondy resurs]: URL: http://www.votpusk.ru/ (kirgen uaқyty: 02.09.2017).

12 Kahn C. As Voluntourism Explodes in Popularity. Who is Helping Most? (2014) [Elektrondy resurs]: URL: http://www.npr.org/blogs/go/ (kirgen uakyty: 10.09.2017).

13 The China Conservation and Research Centre for the Giant Panda. (2010) [Elektrondy resurs]: URL: http://www.pandasinternational.org/ (kirgen uaқyty: 10.09.2017).

14 15 luchshih mezhdunarodnyh volonterskih programm na leto (2016) [Elektrondy resurs]: URL: https://lifehacker.ru/ (kirgen uakyty: 01.09.2017).

15 Travelocity (2000) [Elektrondy resurs]: URL: https://www.travelocity.com/ (kirgen uakyty: 01.09.2017).

ҒТАМР 71.37.05

Алиева Ж.[1], Ахай Е.[2]

[1]г.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971
[2]1 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: a.a.yerketay@mail.ru, тел.: +7 747 164 1663

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Туризм өз елі мен өзге елдің тарихи-мәдени байлықтарымен терең танысып, жетік меңгеруге, жасөспірімдердің ұлттық сана-сезімін оятуға, басқа ұлттар мен ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлері мен тұрмыс-тіршілігіне сыйластықпен қарауға ерекше мүмкіндік береді. Балалар-жасөспірімдер спорттық-сауықтыру туризмі сауықтыру технологияларының ең тиімді түрі, адам мен қоғам арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға септігін тигізетін, өскелең ұрпақтың тәрбиесінде үлкен мемлекеттік маңызы бар. Мақалада бүгінгі күні Шығыс Қазақстан облысында туризм бағыттарының ішінде ең перспективасы жоғары балалар-жасөспірімдер туризмінің ұйымдастырылуы қарастырылған. Балалар мен жасөспірімдер туризмінің нарығы зерттеліп, сұранысқа ие демалыс түрлері анықталды. Сонымен қатар туристік маршрут ұсынылып, осы нарық сегментіне SWOT-анализ жасалынды. Оған қоса, Шығыс Қазақстан облысында балалар-жасөспірімдер туризмінің дамуының мәселелері зерттеліп, оларды шешу жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: балалар мен жасөспірімдер туризмі, спорттық-сауықтыру саласы, лагерь, салауатты өмір салты.

Aliyeva Zh.[1], Akhay Ye.[2]

[1]c.g.s., associate professor, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, tel.: +7 702 246 1971
[2]Master of 1 course, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: a.a.yerketay@mail.ru, тел.: +7 747 164 1663

Perspectives of development of children's and youth tourism in the East Kazakhstan

Tourism provides a unique opportunity to get deeper into and visualize the historical and cultural heritage of own country and other states, to realize the national self-awareness among young people, to cultivate respect and tolerance for the life and customs of other nationalities and peoples. The youth sports and health-improving tourism is one of the most effective health technologies that contribute to the formation of a healthy lifestyle for the individual and society as a whole, which has a great national importance in the upbringing of the younger generation. This article considers the organization of the children's and youth tourism as the most perspective area of tourism in the East Kazakhstan region today. The market of children's and youth tourism has been studied, the types of recreation that in the highest demand, have been identified. Also, a tourist route is proposed and a SWOT analysis of this market segment is made. At the same time, the problems of development of children's and youth tourism in the East Kazakhstan region are investigated and ways of their solution are offered.

Key words: children's and youth tourism, sports and health sphere, camp, healthy lifestyle.

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

Алиева Ж.[1], Ахай Е.[2]
[1]к.г.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы., e-mail: aliyeva.zhannat@gmail.com, тел.: +7 702 246 1971
[2]Магистрант 1 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: a.a.yerketay@mail.ru, тел.: +7 747 164 1663

Перспективы развития детско-юношеского туризма Восточно-Казахстанской области

Туризм предоставляет уникальную возможность глубже узнать и наглядно ознакомиться с историческим и культурным наследием своей страны и других государств, пробудить у молодых людей чувство национального самосознания, воспитать уважение и терпимость к быту и обычаям других национальностей и народов. Детско-юношеский спортивно-оздоровительный туризм является одной из наиболее эффективных оздоровительных технологий, способствующих формированию здорового образа жизни человека и общества в целом, что имеет большое государственное значение в воспитании подрастающего поколения. В статье рассматривается организация детско-юношеского туризма как наиболее перспективного направления туризма в Восточно-Казахстанской области на сегодняшний день. Был изучен рынок детско-юношеского туризма, выявлены виды отдыха, пользующиеся наибольшим спросом. А также предложен туристский маршрут и составлен SWOT-анализ данного сегмента рынка. Вместе с тем, исследованы проблемы развития детско-юношеского туризма в Восточно-Казахстанской области и преложены пути их решения.

Ключевые слова: детско-юношеский туризм, спортивно-оздоровительная сфера, лагерь, здоровый образ жизни.

Кіріспе

Шығыс Қазақстан – ең перспективалық және қарқынды қалыптасатын рекреациялық аймақ. Табиғаттың бірегейлігі, ландшафтардың алуан түрлері мен ерекшелігі, сирек кездесетін табиғи, тарихи және мәдени ескерткіштердің болуы бүгін оның аумағында туризмнің әр түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Сондай туризм түрлерінің бірі – балалар және жасөспірімдер туризмі.

Бала жастан туризмнің әр түрімен айналысу азаматтық сезімге, туристік мәдениетке және қонақжайлылыққа тәрбиелеуге мүмкіндік береді, іске асыру кезінде туризм экономиканың пәрменді секторы ретінде табиғат пен қоғам үшін ең төмен салдарлар әкеле отырып, мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі туризмнің белсенді түрі бола отырып:

- өскелең ұрпақты табиғатпен байланыстыру арқылы оны салауатты өмір салтына баулуға, жігер мен руханилыққа тәрбиелеуге;

- туған өлкені іс-жүзінде тануға, қоршаған ортамен, тарих және мәдениет ескерткіштерімен танысуға ықпал етеді.

Балалар-жасөспірімдер туризмі ішкі туризмді дамытудың және туристік мәдениетті тәрбиелеудің негізін қалаушы фактор болып табылады. Баланың жастайынан туризмнің әр түрімен айналысуы қонақжайлық идеологиясын мемлекет аралық идеясын ретінде қабылдауға ықпал етеді, оны іске асыру кезінде отандық туризм табиғат үшін аз салдарымен нақты дамуы мүмкін.

Қолданылған мәліметтер мен зерттеу әдістері

Балалар-жасөспірімдер туризмі туризмнің белсенді түрі, сондай-ақ жеке тәрбие құралы бола отырып, мыналарға ықпал етеді:

- азаматтықты және патриотизмді тәрбиелеуге;

- жан-жақты дамыған және физикалық салауатты тұлғаны қалыптастыруға;

- өскелең ұрпақты табиғатпен қарым-қатынас жасау, балама есірткі және зиянды іс-әрекеттер арқылы салауатты өмір салтына бейімдеу, және еріктілік пен руханилыққа тәрбиелеуге;

- туған өлкемен практикалық танысуға, тарих және мәдениет, қоршаған табиғат ескерткіштерімен танысуға;

- балалардың белсенді бос уақытын, жазғы демалысын ұйымдастыруға;

- экологиялық мәдениетті қалыптастыруға;

- еңбек, қоғамдық қызмет, іздеу және зерттеу жұмыстарының, кәсіптік бағдарлау, әлеуметтік бейімдеу дағдыларын игеруге (Тлеуленова А.И. 2013: 14).

Шығыс Қазақстан облысы осы аталған балалар мен жасөспірімдер туризмінің ықпалын

дамыту үшін керекті ресурстарымен қамтамасыз етілген. Қазіргі күнде өңірді сипаттайтындар:

- экономиканы дамытудың жоғары серпіндері;
- инвестициялық тартымдылық;
- тиімді геосаяси және географиялық жағдайы;
- көліктік қолжетімділік;
- ойын-сауық индустриясы;
- қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар;
- мәдени және тарихи бай мұра;

ғасырлар бойғы қонақжайлылық;

- туристік индустрияға арналған кәсіби мамандарды даярлайтын білім мекемелерінің болуы (Оспанова К. Ж. 2010: 5).

Шығыс Қазақстан облысындағы балалар туризмінің ағымдағы жағдайын анықтау барысында, балалар туризмін ұйымдастыратын ұйымдар басшылары мен қызметкерлерімен сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында соңғы жылдардағы балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту үшін тәжірибелік маңызды демалыс түрлері анықталды (1- сурет):



1-сурет – Шығыс Қазақстанда балалар туризмін дамыту үшін демалу түрлері

Сонымен қатар сұхбат барысында, балалар туризмін дамыту мақсатында демалыс лагерьлерін ұйымдастыру оңтайлы болатыны анықталды. Әсіресе, демалыс уақыттарында балалар мен жасөспірімдерді туристік-өлкетану мақсатында Шығыс Қазақстанның тартымды, әдемі жерлеріне саяхатқа жиі апару да балалар туризмін дамытуға зор ықпал көрсетері айқындалды. Мысалы, төмендегі 2 суретте сұхбат алынған респонденттер жауабы бойынша балалар және жасөспірімдер туризмін дамыту үшін Шығыс Қазақстан облысындағы тартымды жерлер көрсетілген (Шығыс Қазақстан облысындағы балалардың 2009 жылғы жағдайы 2009).

Берілген суреттен мұндай тұжырымдар жасау үшін келесі қорытындылар жасалды:

- бұл ең көрікті орындар;
- қызықты мәдени және тарихи көрікті жерлері болады;
- ойын-сауықтың кең спектрі көрсетіледі;
- ұлаңғайыр тұтынушылық әлеуеті болады.



2-сурет – Балалар және жасөспірімдер туризмін дамытуға арналған ең тартымды орындар

Зерттеу барысында жиналған мәліметтерден, Шығыс Қазақстан облысындағы балалар және жасөспірімдер туризмінің дамуына SWOT-талдау жасалынды. (1-кесте).

SWOT-талдаудан Шығыс Қазақстан облысының балалар және жасөспірімдер туризмін дамыту үшін көптеген мүмкіншіліктері бар екенін айқын көрінеді. Және де талдау көрсетілгендей Шығыс Қазақстанда тарихи-мәдени, көркем жерлер көп, флорасы мен фаунасы да алуан. Сондықтан ұсынылатын туристік бағдарлама маршруты осы жерлерге саяхатқа барудан басталады.

1-кесте – Шығыс Қазақстан облысындағы балалар және жасөспірімдер туризмінің дамуына SWOT-талдау (автормен құрастырылған)

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Шығыс Қазақстан облысының балалар және жасөспірімдер туризмі үшін көркем жерлерінің болуы Шығыс Қазақстан облысының стратегиялық географиялық орналасуы Тамақтану инфрақұрылымының дамуы Облыс тарихи мен мәдениетімен байланысты шаралардың көп өткізілуі Балалар мен жасөспірімдер үшін көрмелер мен мұражайлардың көп болуы Археологиялық, табиғи ескерткіштердің көп болуы Су, велосипед және тау туризмін ұйымдастыру үшін қолайлы ресурстың болуы	Туристік маршруттардың экологиялық мәселелері Кейде туристік ұсыныстар нормативтік талаптарға сәйкес келмейді Халықаралық туристік қызметте балаларға ұсынылатын туристік қызметтер көп, ал облыс ішіндегі балалар және жасөспірімдер туризміне арналған қызметтер саны шектелген Баға қою және туристік өнімді іске асырудың ойластырылған жүйесі жоқ. Балалар және жасөспірімдер туризмі қатты қымбат болмау керек, бірақ арзан ваучер жұмыскерлердің төмен жалақысын білдіреді Шығыс Қазақстан облысындағы туристік қызметтің ойын-сауық, тарихи және мәдени әлеуетке қатысудың төмен дәрежесі
Мүмкіншіліктер	Қауіптер
Қолданыстағы маршруттарды дамыту Жаңа нарыққа шығу Қызметтер ассортиментін көбейту Табиғи аймақтарды жақсарту Жаңа жұмыс орындарын құру Ақпараттық базаны бекіту және жақсарту	Шығыс Қазақстан облысында балалар және жасөспірімдер туризмінің даму тиімділігінің қысқаруы Экологиялық ортаның ластануы, табиғи ескерткіштердің бұзылуы

2-кесте – Шығыс Қазақстан облысы бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған туристік – сауықтыру маршруты (автормен құрастырылған).

Туризм түрі	Жаяу
Ара қашықтығы	74 км
Ұзақтығы	4 күн
Күрделілік категориясы	Категориялы емес
Ұсынылатын балалар жасы	13-16 жас аралығы
Саяхат мақсаты	Туристік, спорттық шеберлік, өлкетану жұмысын жоғарлату
Саяхат маршруты	Қостанай, Таранов ауданы аумақтары бойынша өтеді
Маршрут бағыттары	Маршрут Рудный қаласынан басталады, бұл жерде өлкетану мұражайына, «Горняк» спорттық кешені Мұз сарайына, әлеуметтік-гуманитарлық колледждің педагогикалық мұражайына баруға болады. Рудный қаласының маңында Алексеевка мәдени кешені бар. Содан кейін маршрут Тобыл өзені бойымен Қаратұмар су қоймасына бағытталады. Қаратұмар су қоймасынан кейін «Горняк» пансионаты арқылы, «Алтын балық» туристік базасына бағытталады. Маршрут су қоймасының бойымен Аят өзені арқылы Қостанай-Жітіқара теміржол магистралына және содан Халвай ауылына бағытталады.

Қорытынды

Қазақстанның 30 әлемнің бәсекеге қабілетті елінің қатарына қосылу процесінде бүкіл ұлт денсаулығы туралы қамқорлық және жанжақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттің маңызды бір саяси және әлеуметтік міндеттерінің біріне айналды, бұл жөнінде бірнеше рет соңғы жылдардағы үкіметтік құжаттарда жазылған болатын (Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. 2009: 98). Қазақстан Республикасы нарықтық экономикасы бар мемлекет ретінде әлемдік қоғамдастықпен танылған және оның дамуына туристік сала қомақты үлес қосады. Ішкі туризмнің басым дамуын ескере отырып, мемлекетпен қойылған міндеттер шеңберінде туристік саланы дамыту бойынша негізгі бағыттардың бірі бұл процесске өскелең ұрпақты кеңінен тарту арқылы белсенді туризм түрлерін дамыту болып табылады (Алексеева Н. П. 2012: 156).

Мемлекеттік реттеудің әлсіреуі Шығыс Қазақстан облысындағы балалар және жасөспірімдерге арналған туризм мен көркемөнерге өте теріс әсерін тигізді (Сущенко Т.А. 2008:112). Соңғы жиырма жылдық жыл ішінде туристік базалар, жазғы лагерьлер, станциялар мен клубтар қираған болатын, бұл балалар және жасөспірімдер туризмімен айналысатындар санының төмендеуіне әкелді. Шын мәнінде сауықтыру қызметі жаппай салаларының бірі еленбеген, ол – спорттық-сауықтыру туризмі. Бағдарламалық әдістемелік қамтамасыз ету әлсіреген, мемлекеттік тілде бағдарламалар жоқ деуге болады және педагогтар заманауи талаптарға сәйкес бағдарламаларды пайдалануға мәжбүр. Кемтар балалар мен жасөспірімдерге арналған туристтік-өлкетану қызметін қамтамасыз ету бойынша бағдарламалық әдістемелер жоқ (Салимов. Е.2008:4).

Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының шашыраңқы болуы, бірыңғай нормативтік-құқықтық базаның болмауы, бірыңғай үйлестіруші буынның болмауы қазіргі кезеңде жедел түрде шешімді талап ететін көптеген проблемаларды туындауына ықпал етеді (Сардаров О. А. 2015:3).

Мәселелердің шешімі мынандай міндеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады:

- аймақ бойынша барлық туристік ұйымдардың қызметін үйлестіруші балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану ШҚО орталығын ашу;

- жастарды «Менің отаным – Қазақстан» республикалық туристік экспедициясына және «Атамекен» туристтік-өлкетану жобаны іске асыруға кеңінен тартуды қамтамасыз ету;

- аймақта балалар мен жасөспірімдер туризмі жүйесін республикалық деңгейден аудандық деңгейге дейін қалпына келтіру және кеңейту, станцияларды, клубтарды, туристік базалар мен лагерьлерді ашу;

- ҚР туристтік-өлкетану қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттарды әзірлеу және бекіту;

- ҚР тұрғындарын дене шынықтыру дайындығы бойынша президенттік тестілеуге туристік жорықтарға өту нормативтерін, «Жас турист» және «Қазақстан саяхатшысы» және спорттық бағдарлау белгішелерін енгізу (Буковская Г.В. 2002: 2).

- Республикалық спартакиадаларды өткізу бағдарламасына спорттық туризмді енгізу;

- жасөспірімдер мен балалардың және спорттық-сауықтыру туризмінің инфрақұрылымын белсенді жазғы демалыс пен бос уақытын ұйымдастыру мақсатында оның білім беру мекемелеріне белсенді түрде қоса отырып дамыту, міндетті түрде тәрбие жұмысы жоспарларын, туристік лагерьлер спорттық-сауықтыру, бейінді бағдарламаларын қосу;

- қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі біліктілігін арттыру институттарымен бірлесіп, қоғамдық және туристік педагог кадрларды даярлау жүйесін әзірлеу және енгізу;

- жоғары оқу орындарында қоғамдық кәсіптер мамандықтарында «туризм» мамандығы бойынша қосымша білім беру педагогтерін дайындау үшін және туристік ұйымдастырушы екінші мамандығын игеру үшін факультеттер ашу (Верба И. А., Голицын С. М. 2010: 87);

- туристтік-өлкетану қызметін балалар туристік ұйымдарының Еуразиялық одағын құру үшін халықаралық деңгейде жұмыс тәжірибесімен алмасуын кеңейтуге жәрдемдесу;

- балалар туристік ұйымдарының материалдық базасын жақсарту және қаржыландыру;

- балалар-жасөспірімдер туризм ұйымдарына ғимараттарды бөлу мәселені шешу;

- қоғамдық әріптестермен ынтымақтастықты жандандыру: салауатты өмір салтын қалыптастыру орталықтармен, есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеттермен, төтенше жағдайлар және басқа да ілеспе комитеттермен.

Әдебиеттер

1 Абдрашитова Т.А., Оспанова Я.Н. (2009) – Азаматтарды патриоттық тәрбиелеу бойынша озық тәжірибе. – Әдістемелік құрал – Астана: Баспа «Агроиздат» ЖШС. – 236 б.

2 Алексеева Н. П. (2012) Туризм /Tourismus; Флинта, НОУ ВПО Московский психолого-социальный университет – Москва. – 336 с.

3 Буковская Г.В. (2002) Воспитание экологической культуры в системе туристко-краеведческой деятельности // Педагогика. – №5.

4 Верба И. А., Голицын С. М. (2010) Туризм в школе; Физкультура и спорт – М.. – 160 с.

5 Оспанова К. Ж. (2010) Детско-юношеский туризм в Республике Казахстан // Педагогический вестник Казахстана. – №4

6 Салимов, Е. (2008) Туризм – Это здоровье, жизнь и благополучие восточно-казахстанцев // Рудный Алтай. – 27 сентября.

7 Сардаров, О. А. (2015) Развитие детско-юношеского туризма через организацию туристско-палаточных лагерей // География в школах и вузах Казахстана. – №4.

8 Сущенко Т.А. (2008) Мектептен тыс мекемелердегі оқу үрдісін ұйымдастыру: оқу құралы. 2-ші басылым, түзетілген және толықтырылған. – СПб: Лань. 187 б.

9 Тлеуленова А. И. (2013) Детский туризм – инновационный подход в работе с дошкольниками // Қазақстандағы Мектепке дейігі білім / Дошкольное образование в Казахстане. – №3

10 Шығыс Қазақстан облысындағы балалардың 2009 жылғы жағдайы. (2009) [электрондық ресурс]. – URL://www.engime.org/ (дата доступа 29.05.2017).

References

1 Abdrashitova T.A., Ospaova Ya. N. (2009) – Azamattardy patriottyq tarbieleu boiynsha ozyq tazhiribe. – Adistemelik qural – Astana: «Agroizdat » ZHSHS. – 236 b.

2 Alekseeva N.P. (2012) Turizm/ Tourismus; Flinta, NOU VPA Moskovskiy psihologo-socialniy universitet – M.. – 336 s.

3 Bukovskaya G. V. (2002) Vospitanie ekologicheskoy kultury v sisteme turistko- kraevedcheskoy deyatelnosti// Pedagogika. – №5.

4 Verba I. A., Golisyn C. M. (2010) Turism v shkole; Fizkultura i sport – M.. – 160 c.

5 Ospanova K. Zh. (2010) Detsko – iunosheskiy turism v Respublike // Pedogogicheskiy vestnik Kazakstana. – №4

6 Salimov E. Turizm – eto zdorov'e, zhizn' i blagopoluchie vostochnokazakhstancev// Rudnyj Altai. – 2008-27 September.

7 Sardarov O.A. Razvitie detsko-yunosheskogo turizma cherez organizaciyu turistsko-palatochnykh lagerej// geographiya v sholakh i vuzokh Kazakhstana. –2015. – №4.

8 Sushenko T.A. (2008) Mektepten tys mekemelerdegi oqu urdisin uimdastyru: oqu quraly. 2- shi basylym, tuzetilgen zhane tolyqtyrylgan. – СПб: Лань. 187 б.

9 Tleulenova A.I. Detskyj turizm – innovacionnyj podkhod v rabote s doshkol'nikami/ //Doshkol'noe obrazovanie v Kazakhstane. – 2013. – №3.

10 Shygys Qazaqstan oblysyndagy balalardyn 2009 zhylgy zhagdaiy.[ehlektronnyj resurs]. – URL: //www.engime.org/ (data dostupa 29.05 2017).

Плохих Р.

д.г.н., и.о. профессора, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы

ЕРДАВЛЕТОВ СТАНИСЛАВ РАМАЗАНОВИЧ

(20.05.1941 – 22.04.2017)

Географическая наука Казахстана понесла тяжелую утрату. На 75 году ушел из жизни замечательный человек и педагог, широко известный и уважаемый учёный, основатель отечественной научной школы географии туризма, защитивший первым в Казахстане и Средней Азии докторскую диссертацию по проблемам территориальной организации туризма (ЛГУ, 1993), основатель первого в стране факультета туризма в университете «Туран», академик международной академии «Concord» (Франция), доктор географических наук, профессор Станислав Рамазанович Ердавлетов.

Станислав Рамазанович родился в городе Джамбул Казахской ССР в семье служащих. Окончив Джамбулскую среднюю школу им. В.И. Ленина, в 1959 году он стал студентом географического факультета КазГУ им. С.М. Кирова (современный КазНУ им. аль-Фараби). Завершив обучение он работал в ГПИ «Каздорпроект», затем в Южно-Казахстанском геологическом управлении (ЮКГУ) в системе Министерства геологии КазССР.

В 1970 году Станислав Рамазанович защитил кандидатскую диссертацию, а в 1973 году был принят на должность доцента кафедры экономической географии КазГУ. Более 30 лет его плодотворной научной и педагогической деятельности неразрывно связаны с Альма Матер. Именно здесь в 1996 году на базе географического факультета им была создана кафедра туризма, которой он руководил продолжительное время.

Важнейшая заслуга Станислава Рамазановича – открытие первого в Казахстане диссертационного совета по защите кандидатских диссертаций по специальности «25.00.24 – экономическая, социальная и политическая география». Под его научным руководством защищено 10 диссертаций на соискание ученой степени кандидата географических наук. Его ученики достойно работают в разных сферах Казахстана.

Под руководством Станислава Рамазановича разработаны три поколения образовательных стандартов (ГОСО) бакалавриата, магистратуры и докторантуры по специальности «Туризм». Ему принадлежат первые в республике научные работы, учебники и учебно-методические пособия по географии туризма. Им подготовлено и опубликовано более 400 печатных трудов. В 2015 году издана на

© 2017 Al-Farabi Kazakh National University

казахском, русском и английском языках обобщающая монография «Туризм Казахстана».

Под руководством Станислава Рамазановича реализована серия фундаментальных и прикладных научно-исследовательских проектов в области географии и территориальной организации туризма Казахстана.

Заслуги Станислава Рамазановича отмечены государственными наградами Республики Казахстан, в числе которых: серебряные медали А. Байтурсынова и аль-Фараби, знаки «Отличник высшей школы», «Почётный работник туризма Республики Казахстан», «За заслуги в развитии туризма в Республике Казахстан»; «Почётный работник образования Республики Казахстан» и др. В 2012 году он стал обладателем гранта «Лучший преподаватель вуза» Республики Казахстан.

Коллеги и соратники Станислава Рамазановича отмечают его высокие профессиональные качества, активную жизненную позицию и целеустремлённость, трудолюбие и мудрость. Коллектив кафедры рекреационной географии и туризма и весь факультет географии и природопользования КазНУ, друзья, соратники и ученики скорбят о его безвременной кончине и выражают искреннее соболезнование родным и близким. Светлая память о нем будет всегда жить в наших сердцах.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Физикалық, экономикалық және әлеуметтік география
Раздел 1 Физическая, экономическая и социальная география

Levytska O., Zapototska V.
Public participation in urban planning: German and Ukrainian experience ... 4

Temirbayeva K., Shokparova D., Mamutov Zh., Bazarbayeva T., Zubova O.
Biogeography of *Nitraria* L. ... 11

2-бөлім Метеорология және гидрология
Раздел 2 Метеорология и гидрология

Оракова Г., Сулейменова А., Ахметова С.
Алматы қаласының ауа температурасы мен жауын-шашынның таралу ерекшеліктері ... 18

Давлетгалиев С.К., Медеу Н.Н.
Сценарные прогнозы ресурсов речного стока Жайык-Каспийского ВХБ по отдельным участкам ... 28

Боголюбова Е., Куанышова С.
Статистическая структура и тенденции изменения сезонных сумм осадков на востоке Казахстана в 1970– 2015 гг. ... 40

Боголюбова Е., Куанышова С.
Статистические связи сезонных осадков Восточного Казахстана с высотными барическими полями и характеристиками циркуляции атмосферы. ... 51

Рамазанова Н., Токсанбаева С., Шаймерден А.
Геохимический анализ водных объектов левобережья бассейна реки Жайык в пределах Западно-Казахстанской области ... 62

Рамазанова Н., Токсанбаева С., Биназарова А.
Геохимическое состояние правобережья бассейна реки Жайык в пределах Западно-Казахстанской области ... 70

Курбаниязов А.К., Чембарисов Э.И.
Оценка результатов мониторинговых исследований грунтовых вод обсохшей части Аральского моря ... 78

Исанова Г., Асанкулов Т., Темирбаева К.
Многолетняя динамика гидрохимии озера Иссык-Куль ... 86

3-бөлім Геодезия және картография
Раздел 3 Геодезия и картография

Алтаева А., Съедина С., Балтиева А., Кашников Ю.
Методика создания 3D-модели месторождения с применением геоинформационных технологий ... 94

4-бөлім Геоэкология
Раздел 4 Геоэкология

Бергенева Н., Даурен Д., Исанбекова А.
Устойчивость зданий и сооружений к сейсмическим колебаниям в городе Алматы ... 104

Pavlichenko L., Yespolayeva A., Iztaeva A.
Differentiated evaluation of the contribution of oil and gas production complex of Mangistau region to anthropogenic impacts on the relief ... 112

Телемгенова М., Зубова О.
Исследование разработок энергосберегающих и электрообогреваемых окон ... 124

Шакиров Т., Ниязбекова А., Назарова Д., Зайдолла Н.
Өндірістік аймақтардың радиациялық фонын зерттеу ... 135

5-бөлім Раздел 5
Рекреациялық Рекреационная
география және туризм география и туризм

Алиева Ж., Сарабаева Б.
Туризмді дамытудағы волонтерліктің рөлі 146

Алиева Ж., Ахай Е.
Шығыс Қазақстан облысында балалар-жасөспірімдер туризмінің даму болашағы 153

Қазанама Некролог

Плохих Р.
Ердавлетов Станислав Рамазанович (20.05.1941 – 22.04.2017) 159

CONTENTS

Section 1
Physical, economic and social geography

Levytska O., Zapototska V.
Public participation in urban planning: German and Ukrainian experience 4

Temirbayeva K., Shokparova D., Mamutov Zh., Bazarbayeva T., Zubova O.
Biogeography of *Nitraria* L. 11

Section 2
Meteorology and hydrology

Orakova G., Suleymenova A., Ahmetova S.
Features of distribution of air temperature and rainfall in the city of Almaty 18

Davletgaliev S.K., Medeu N.N.
The scenario forecasts of water resources of the Zhayik Caspian rivers' basin on separate water management areas 28

Bogolyubova E., Kuanyshova S.
Statistical structure and tendencies of change of the seasonal sums of rainfall in the east of Kazakhstan in 1970 – 2015 40

Bogolyubova E., Kuanyshova S.
Statistical communications of seasonal rainfall of East Kazakhstan with high-rise baric fields and characteristics of circulation of the atmosphere 51

Ramazanova N., Toksanbaeva S., Shaimerden A.
Geochemical analysis of water objects of the left bank of the basin of river living under the West-Kazakhstan region 62

Ramazanova N., Toksanbaeva S., Binazarova A.
Geochemical state of the right-course of the basin of the river living under the West-Kazakhstan region 70

Kurbanijazov A.K., Chembarisov Je.I.
Evaluation of the results of monitoring researches of ground waters on the dried part of the Aral sea 78

Issanova G., Asankulov T., Temirbayeva K.
Long-term dynamics of hydrochemistry of the Issyk-Kul Lake 86

Section 3
Geodesy and cartography

Altaeva A., Sedina S., Baltieva A., Kashnikov Ju.
Method for creating a 3D model of the field with the use of geoinformation technologies 94

Section 4
Geoecology

Bergeneva N., Dauren D., Isanbekova A.
Research of the stability of buildings and structures to seismic oscillations in the city of Almaty 104

Pavlichenko L., Yespolayeva A., Iztaeva A.
Differentiated evaluation of the contribution of oil and gas production complex of Mangistau region to anthropogenic impacts on the relief 112

Telemgenova M., Zubova O.
Research of development of energy-saving and electrically-heated windows 124

Shakirov T., Nijazbekova A., Nazarova D., Zajdolla N.
Research of radiation background of industrial objects 135

Section 5
Recraetion geography and tourism

Aliyeva Zh., Sarabayeva B.
The role of volunteering in the development of tourism 146

Aliyeva Zh., Akhay Ye.
Perspectives of development of children's and youth tourism in the East Kazakhstan..... 153

Necrologue

Плохих Р.
Ердавлетов Станислав Рамазанович (20.05.1941 – 22.04.2017)..... 159